Ауылға ажар кірсін десек...
2-бет

Маусымдық тұмау өршіп тұр
4-бет

Э.Әлиева: ТМД бойынша біріншіміз
5-бет

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ СЕНБІ, 4 НАУРЫЗ, 2023 ЖЫЛ №26 (23 202) www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

● ҚҰРМЕТ

Арқа жұрты азаматын ардақтады

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы Дүйсен Қасейіновті арнайы қабылдап, 75 жылдық мерейтойымен құттықтады. Дүйсен Құрабайұлы Арқа жеріне «Достарым – менің байлығым» музыкалық фестивалін өткізуге келген.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі Ермағанбет Қабдулаұлы көрнекті өнер қайраткерінің педагог қана емес, әлемдік мәдениетті жетік білетін дарынды дипломат екенін атап өтті.

– Еліміздің мәдениетін дамытуға, халықаралық байланыстарды нығайтуға зор үлес қосқаныңыз үшін алғыс айтамыз. Сіз еңбек жолыңызды Қарағандыда бастап, өңіріміздің мәдениетін дамытуға баға жетпес үлес қостыңыз. Сіздің арқаңызда біздің әртістер Америка, Қытай, Ресей, Германия, Франция, Италия, Иран, Ирак сынды мәдениеті терең мемлекеттерге гастрольдік сапармен барды, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

«Достарым – менің байлығым» музыкалық мерекесі – халықаралық мәртебеге ие. Биыл өнерсүйер қауымның алдында Әзербайжан, Италия, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Түркия, Түркіменстан, Өзбекстан солистері өнер көрсетпек. Оларды Еркеғали Рахмадиев атындағы Академиялық симфониялық оркестр сүйемелдейді.

– «Достарым – менің байлығым» фестивалінің ерекшелігі – көрермендер алдында еліміз бен жерімізге құрметі бөлек жақын достарым өнер көрсетеді. Қай жерде болсам да, қандай қызмет істесем де, Қарағанды – әрқашан менің жүрегімде, – дейді Дүйсен Қасейінов.

Мерейтой иесі туралы достары да жылы лебізін білдірді. Олардың айтуынша, Дүйсен Қасейінов – өнердің шекарасын жоятын танымы терең жан.

– Дүйсен Құрабайұлын 15 жылдан бері білемін. Біз онымен фестивальде кездейсоқ таныстық. Ол – өнердің нағыз білгірі. Қай жерде болса да, әрқашан өз елін керемет сипаттайды. Оның арқасында біз Қарағандыға, қарағандылық әріптестерімізге ғашық болдық. Олар – қазақ өнерінің сарбаздары. «Елді білу үшін оның өнерін білу керек» деп бекер айтылмаған, – дейді Әзербайжанның еңбек сіңірген әртісі Роза Зергерли.

Суретті түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

Жас кәсіпкерді жетелейтін жоба

Мемлекет жастарды қолдау мәселесіне ерекше басымдық беріп келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында да жастар кәсіпкерлігін дамыту туралы міндет қойған еді. Сол тапсырмаға сәйкес, жылдық үстемеақысы 2,5 пайыз болатын несие беру механизмі әзірленді. Айта кетері, бұл шағын несиеге Қарағанды облысының 324 жас азаматы қол жеткізе алады.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облысқа бөлінген несиенің жалпы сомасы – 1,6 млрд. теңге. Несиені 35 жасқа дейінгі азаматтар ала алады. Пайдалану мақсатына қарай мерзімі – бес жыл. Ал, мал шаруашылығымен айналысуды жоспарлағандарға жеті жылға дейін беріледі. Шағын несие деп аты айтып тұрғандай, несиенің ең үлкен сомасы – 5 млн. теңге.

Несиені алудың өз шарттары бар. Кепілге қоятын мүлік және салық органдарында жеке кәсіпкер ретінде тіркелгеніне бес жылдан аспауы тиіс. Қарызды өтеуге жеңілдік қарастырылған.

5-бет

Туризм туған жерді түлетеді

«Әр істің қайыры бар». Әлемді әбігер қылған коронавирустың ішкі туризмнің дамуына екпін бергенін айтады деректер. Мәселен, пандемияға дейінгі 2019 жылдың I тоқсанында ішкі туристер саны 917,8 мыңды құраса, 2021 жылдың сол кезеңінде 931,1 мыңға жетті. Ал, былтыр бірден 21,5 пайызға өсіп, алғашқы үш айда 1,13 миллион адам Қазақстанда демалғаны белгілі болды. Салыстырсақ, табыс 25,7 пайызға артып, 26,3 млрд. теңгеге қызмет көрсетілген.

Кейінгі уақытта туризмге ел билігі айрықша көңіл бөлуде. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке тапсырма да берді.

«Туризмді, әсіресе экотуризм мен этнотуризмді дамытуға экономиканың маңызды саласы ретінде баса мән беру қажет. ...Туризмді дамыту үшін қажетті инфрақұрылым жүргізуді, соның ішінде жол салып, білікті мамандар дайындауды қамтамасыз ету қажет», – деді Мемлекет басшысы.

Президент саладағы проблеманы дөп басты. Қазіргі таңда туризмді дамытудағы басты кедергі – сапасыз жол. Және сол сапасыз жол бойында санитарлық-гигиеналық нысандардың жоқтығы да тұсау болып тұр...

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Президент белгілеген меже

Түріктер туристердің тілін тапқан. Түркияның жалпы ішкі өнімінің 4 пайызы – туризмге тиесілі. Экономикалық белсенді халқының 7 пайызы осы салада еңбек етеді.

Қазақстан да ешкімнен кем емес. Тек, жаңаша көзқарас, түбегейлі реформа қажет-ті.

Президент саланы дамыту үшін арнайы бағдарлама қабылданғанын айтты. Бағдарлама нәтижесінде 2025 жылға қарай туризмнің жалпы ішкі өнімдегі үлесі 8 пайызды бағындыруы тиіс.

«Біз салалық мемлекеттік бағдарлама қабылдадық. Ол толыққанды жүзеге асатын болса, туризмнің ішкі жалпы өнімдегі үлесі 8 пайызға жетеді. Сырттан келетін туристер саны 9 миллион, ал, ішкі туристер саны 8 милион адам болады. Ал, туризм саласында жұмыспен қамтылғандар санын 650 мың адамға жеткізу керек», – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Әрине, кез келген шаруаны дөңгелетіп әкету үшін жан-жақты зерттеу қажет. Артық-кемі ескеріліп, мүмкіндіктер екшелуі тиіс. «Ауруын жасырған өледі» дейді, проблема да бүкпесіз айтылуы шарт. Кейінгі кезде жылдар бойы жасырылып келген мәселелер ашық айтыла бастады.

169 гектар бос жатыр

Кенді өлкедегі туризмді дамытудағы жоспар қандай? Президент айтқан межеден көрінерге мүмкіндік бар ма? Әуелі осы тақырыпты тарқатып көрсек...

Қарағанды облысында туризмді дамытуда негізінен екі өңірге баса көңіл бөлініп отыр. Бұл – Балқаш және Қарқаралы. Қазіргі уақытта аталған өңірлерде мемлекеттің қолдауымен ауқымды жобалар қолға алынуда. Инфрақұрылым тұрғызылып, инженерлік желі салынуда.

Облыстың кәсіпкерлік басқармасы туризм және сыртқы экономикалық байланыстар бөлімінің басшысы Темірлан Рақымбектің айтуынша, Балқаш көліндегі жағажай туризмін дамытуда Бертіс шығанағы, Приозерск қаласы, Шұбартүбек пен Торанғылық ауылдарына қатысты жобалар бар.

– Былтыр Бертіс шығанағына электр желісі тартылып, сумен қамтамасыз ету жүйесі салынды. Бұл іске республикалық бюджеттен 446,4 млн. теңге жұмсалды. Абаттандыру іс-шаралары да ұмытылған жоқ. Ұлттық экономика министрлігіне Балқаш қаласындағы жағалауды абаттандыруға 4,2 млрд. теңгеге бюджеттік ұсыныс жолданды. Сонымен қатар, көлемі 61 гектар болатын шығанақ жағалауын абаттандыру үшін 2,5 млрд. теңгеге бюджеттік ұсыныс жіберілді, – дейді бөлім басшысы.

«Атамекен» Кәсіпкерлер палатасының мәліметінше, былтыр Балқашқа 54 мыңнан астам турист барыпты. 2021 жылмен салыстырғанда 34,7 пайызға өскен. Қызметтен түскен табыс 572,8 млн. теңгені құрады. Палата биыл бұл көрсеткіш ұлғаятынына сенімді. Себебі, бұған дейін Ақтоғай ауданына қарап келген Шұбартүбек пен Торанғылық ауылдары әкімшілік бөлінісі жағынан Балқаш қаласының еншісіне берілгені аян. Яғни, қала құрамына қосылған сәттен мұнда жан-жақты шаруа қолға алынды.

Жақын күндері ауыл тұсындағы жағалауларға инженерлік инфрақұрылымды тарту бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзір болады. Жоба негізінде электр энергиясы, су және кәріз жүйелері жеткізілуі тиіс.

Темірлан Асылбекұлы қазір Балқаш курорттық аймағы инвестор үшін «сүйкімді» болып тұрғанын айтады. Себебі, көл жағасында 169 гектар жер бос жатыр. Нақты айтсақ, Торанғылықта – 60 гектар, Шұбартүбекте – 30 гектар, Бертіс шығанағында – 60 гектар және Приозерскте 19 гектар жер иесіз. Бұл жерлерді жергілікті әкімдікпен келісіп, кәдеге жаратуға әбден болады.

Дамуға тұсау – сапасыз жол

Туризмді дамытудағы тағы бір проблема – жол. Бұл мәселенің Қарқаралыға да қатысы бар.

Президент көмірлі өлкеге сапарында Қарағанды-Қарқаралы жолын жөндеуді тапсырған еді.

Былтыр екі аралықтағы жолдың 10 шақырымы ғана жөнделді. Биыл бес учаскеде жөндеу жүргізілмек. «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Қарағанды облыстық филиалы директорының орынбасары Айбол Түсіпбаевтың сөзіне сенсек, биыл бұл бағытта кейбір жерлерде ағымдағы жөндеу шаралары қолға алынады.

– «Қарағанды-Аягөз-Тарбағатай-Бұғаз» бағытындағы жолдың бес учаскесінде жөндеу жұмыстары жасалады. Жалпы ұзындығы 89,9 шақырымды құрайды. Сонымен қатар, бес су өткізетін құбыр ауыстырылады, – деді Айбол Амангелдіұлы.

Облыстың кез келген өңіріне баратын жолдардың сапасы сын көтермейтіні жасырын емес. «Астана-Алматы» күрежолының құрылысы тәмамдалса, алысымыз жақындай түсетіні анық.

Мәселен, турист ынтық Балқаш көлі облыс орталығынан – 400 шақырым, Астанадан шамамен 600 шақырым қашықта жатыр. Көлікпен жолға шыққан жолаушы жарты күнін жұмсайды. Сондықтан, Балқашта әуе байланысын жақсартуға күш салынуда. Ұшақтан тиімді көлік табылмай тұр, әзірге.

Қазір Балқаш қаласының әуежайы облыс әкімдігінің меншігіне берілді. Әкімдік қайта жаңғырту жұмыстарына кірісті.

Қозғалыс жолақтары, әуежай ғимараты мен перронды жөндеу бойынша жобалық-сметалық құжаттама дайын. Жоба құны 3,5 млрд. теңгені құрайды. Жөндеу жұмыстары аяқталған соң әуежай халықаралық рейстерді де қабылдауға қауқарлы болмақ.

«Туризм дәретханадан басталады»

«Атамекен» Кәсіпкерлер палатасы жанындағы туризм комитетінің төрағасы Жазира Жанкина шетелдік туристер алдында сан мәрте ұялғанын айтады.

– «Туризм дәретханадан басталады». Бізге шет елдерден туристер көп келеді. Әсіресе, Франция елшілігімен тығыз жұмыс істейміз. Еуропалықтарды этнотуризм, экотуризм қатты қызықтырады. Қарағанды облысында оларды апаруға болатын жер көп. Мысалы, Ақтоғай ауданындағы Бегазы-Дәндібайды алайық. Саяхатшылар ол туралы интернеттен оқып алады да, көруге құштарлығы артады. Тиісінше, біздің фирмаға жүгінеді. «Келгенше қонақ қысылады, Келген соң үй иесі қысылады» дейді ғой. Ақтоғайға апарғанша әбден ұялып бітемін. Астаң-кестеңі шыққан жолды былай қойғанда, жол бойында дені дұрыс дәретхана жоқ. Кафе-мейрамхананы сағалап, қожайындарынан сөз естіп жүргеніміз, – дейді Жазира Құрмашқызы.

Кәсіпкердің бұл мәселені қозғап жүргеніне бірнеше жыл болды. Алайда, әлі де сонша жыл күтетініне өзі де сенімді.

«Астана-Алматы» күрежолының құрылысы мәресіне жетпей, Ақтоғай, Балқаш бағытында санитарлық-гигиеналық торап салынбайтыны мәлім. Дегенмен, басқа өңірлердегі жағдай да мәз емес.

Мәселен, Бұқар жырау ауданы әкімінің орынбасары Арман Дардақов ауданда небәрі екі санитарлық-гигиеналық торап барын айтады.

– Ауданда екі торап бар. Біреуі Үміткер ауылында орналасса, екіншісі – Үштөбе ауылында. Үміткердегі торап күніне 1000 адамды қабылдай алады. Мүгедектерге де арналған кабинамен қамтылған. Үштөбе ауылындағы торап та тура сондай. Алайда, кісі аяғы жиі жүретін Қарқаралы бағытында торап жоқ. Бүгінде сол бағытта торап тұрғызу үшін инвестор тарту жұмыстарын жүргізіп жатырмыз, – дейді аудан әкімінің орынбасары.

3-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 462.88 ●**USD/KZT** 435.69 ●**RUB/KZT** 5.78 ●**CNY/KZT** 63.17

Қазақстан Ұлттық Банкінің 3 наурыз, 2023 жылғы дерегі бойынша

● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Ауылға ажар кірсін десек...

«Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы – 2019 жылы құрылған маңызды жоба. Мемлекеттен қосымша қаржы бөлу тетігі арқылы ауылда өмір сүру сапасын жақсарту – негізгі мұрат. Әсіресе, шалғай жерлердегі елді мекендерде жол құрылысы, сумен қамтамасыз ету, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт нысандарын қайта жаңарту және жаңа нысандарды салу, жұмыс орындарын құру сынды мәселелер бағдарламаны іске асыруды көздейді. Бағдарлама шеңберінде ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту, ауыл тұрғындарының әлеуметтік игіліктер мен мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ету, тұтастай алғанда, өмір сүрудің қолайлы ортасын құру бойынша бірқатар міндеттер шешілмек. Әйет ауылындағы Набережная, Е.Омаров және Совхозная көшелері жолдарын орташа жөндеу жоспарланған, жобаларды іске асыру үшін республикалық және облыстық бюджеттен 94,264 млн. теңге сомасында қаражат бөлінді. Жолдарды орташа жөндеуді орындауға тиісті келісімшарт жасалды. Жыл ішінде қаражат жаңа жобаларды да іске асыруға ұлғайтылады. Мәселен, Осакаров ауданында «Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасы бойынша ауылдарды жақсарту жалғасады. Бұл туралы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың Осакаров ауданына жұмыс сапары барысында белгілі болды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аудан ахуалы пысықталды

Аудандағы Ақбұлақ ауылында мектеп жөнделеді, ал Озёрныйда фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы аяқталады. Аймақ басшысы бірқатар нысандарды аралап, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде кеңес өткізді. Молодежный кентіндегі әлеуметтік нысандар мен жолдар жөнделді. Бұл аталған бағдарлама көрсеткіштерінің бір парасы деп бағамдасақ болар. Алайда, жергілікті аурухана күрделі жөндеуді қажет етеді.

Сапар барысында өңір басшысына жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптамаға жіберілгені туралы баяндалды. Осыдан кейін бірден жөндеу басталуы тиіс. Ермағанбет Бөлекпаев жоба бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді. Сонымен қатар, Сарыөзек ауылының тұрғындары үшін дәрігерлік амбулатория салынады. Осы сынды жаңа медициналық пункттер Ошағанды, Ақпан, Звездное, Шұңқыркөл ауылдарында пайда болмақ. Тек уақыт пен байыпты жұмыс қажет.

Ауылдық клубтар мәселесі – көптен бері шешімін күтіп тұрған өзекті мәселелердің бірі. Күн тәртібінде ескірген ауылдық клубтарды жөндеу сұрағы талқыланды.

Бұған салалық бағдарлама негізінде аудандық бюджеттен қаражат бөлінетін болды. Түпкі – нәтижесі алдағы күндердің еншісінде.

Осакаров ауданының әкімі Руслан Нұрмұханбетов ауыл тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету туралы айтты. Биыл Озерное, Ералы, Пионерское ауылдарында су құбыры желілерінің құрылысын аяқтау тапсырмасы тұр. Осыған орай, аудан ауылдарына су құбырының жетінші кезегі салыну үстінде. Тағы Николаевка, Сенокосное, Садовое және Трудовое секілді төрт ауылды сумен қамту міндеті жоспарланды.

Аудан басшысының мәліметтеріне сүйенсек, арнайы жоба аясында Есіл және Сарыөзек ауылдарының жолдары жөнделеді.

«Нұрлы Жол»: нақты іс пен нәтиже

Жұмыс сапары барысында Ермағанбет Бөлекпаев Осакаровкадағы «Нұрлы жол» кешенді бағдарламасы бойынша 108 пәтерлік тұрғын үй құрылысының барысымен танысты. Тұрғын үй кезекте тұрғандарға арналған. «Нұрлы Жол» бағдарламасы негізінен барша қазақстандықтардың әлеуметтік ахуалын төмендетпеуге бағытталғаны белгілі. Осындай маңызды бағыттың шеңберінде бағдарламаның негізгі міндеттері де айқындалған болатын. Атап айтқанда, бұлар «шұғыла» қағидаты бойынша тиімді көліктік-логистикалық инфрақұрылымды құру, индустриялық және туристік инфрақұрылымдарды дамыту, бірыңғай электр энергетикасы жүйесін дамыту шеңберінде энергетикалық инфрақұрылымды нығайту шараларын қарастырады. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын жаңғырту, азаматтардың тұрғын үйге қолжетімділігін арттыру, сондай-ақ, білім беру саласының инфрақұрылымын дамыту мәселелері де бағдарламаның аясында жандана түспек. Бұдан бөлек, ағымдағы экономикалық жағдайды ескере отырып, «Нұрлы Жол» бағдарламасы өңдеу өнеркәсібі салаларының жекелеген секторларын, агроөнеркәсіп кешенін экспорттаушыларды қолдаудың дағдарысқа қарсы шараларын, сондай-ақ, ішкі нарықты қорғау және геологиялық барлауды жандандыру мәселелерін қамтып отыр.

Тасқынға тосқын

Сонымен қатар, облыс әкіміне Осакаров ауданының көктемгі су тасқынына дайындығы туралы баяндалды. Қарағанды облысында елді мекендерді су тасқынынан қорғау үшін 14 шақырым қорғаныс бөгеттері мен қорғандар тұрғызылып, нығайтылды. Өңірде өзен арналарына санация жүргізілді, су бұру арналары салынып, жөнделді. Ауылдар мен кенттерде қосымша жергілікті хабарлау жүйелері орнатылған еді. Наурыздан бастап су өткізгіш құбырлар мен көпірлерді тазалау жұмыстары жүргізілуде. Әрі су тасқынына қарсы штаб жұмыс істей бастады. Пионерское ауылын су басу қаупін азайту үшін Есіл өзенінің арнасына санитарлық тазалық жүргізіледі. Аймақ басшысына су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайдың алдын алу және жою үшін арнайы техниканың дайындығы көрсетілді.

– Су басудың алдын алу үшін барлық қосалқы станцияларды тексеру қажет. Қарды жедел шығаруды тапсырамын. Қажет болса, қосымша техниканы таратыңыздар. Барлық тәуекелдерді болдырмау үшін бәрін мұқият тексеріп алыңыздар, – деп атап өтті аймақ басшысы.

Өндіріс өрісі

Ермағанбет Бөлекпаев өндірістік нысандарға да барды. Қ.Сәтбаев атындағы каналдың сорғы станциясында оған жабдықты жаңғырту туралы айтылды. Канал құрылысы басталған 60 жылдан бері тек электр жүйесі ғана жаңартылған. Сорғылары мен агрегаттары кез келген уақытта істен шығуы мүмкін. Бұл резервтік қоймасы бар елді мекендер үшін аса қауіпті емес. Ал, суды каналдан тікелей алып өндіріске пайдаланатын кәсіпорындарда бірден апаттық жағдай туындайды. Мәлім болғандай, 10 жылға есептелген қайта құру бойынша ауқымды бағдарлама әзірленді. Станцияның энергетикалық жабдықтары жаңартылды.

Аймақ басшысы Kazakhmys Coal көмір өндіруші кәсіпорнының қызметімен танысып, «Сарыбел-НАН» ЖШС элеваторын көрді. Элеватор жұмысы Нұра мен Осакаров аудандары арасындағы логистикаға 200 млн. теңге үнемдеуге мүмкіндік береді. Тәулігіне 2 мың тонна жүк арту мүмкіндігі бар. Кәсіпорын қызметі барысында бидайды сақтау, кептіру, қабылдау, жөнелту қарастырылған. Бір уақытта 50 вагоннан тұратын теміржол тұйығы салынды. Жөнелтудің негізгі бағыттары – Қазақстанның оңтүстігі және таяу шет елдер.

Сапар соңында Ермағанбет Бөлекпаев ауданның ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерімен кездесті. Егіс жұмыстарына дайындық және мемлекеттік қолдау шаралары талқыланды.

P.S.: Облыс әкімінің жұмыс кестесі – ауқымды. Сапар барысынан түйгеніміз, жоғарыдағы маңызды мәселелер өңірлер әкімдерінің күнделікті бақылауында. Жұмыс барысы нақты сұрақтарға толымды жауаптар форматында өрбіді. Әсіресе, су тасқынына дайындық қашықтықтан байланыс құралдары арқылы жиі талқыланып жүр. Ермағанбет Бөлекпаев сөз соңында «әр ауылдағы әр азаматтың өмір сапасын жақсарту үшін барлық жағдайлар алдын ала қарастырылсын» деген-тін. Түптеп келгенде, ортақ істі ортайтпау мәселесін астарлаған болуы керек. Жөн сөз. Нақты істен нәтижеге бағытталған сапар оң істерге бастап, шалғайдағы ағайынның әрін кіргізе түскей.

Суреттерді түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

● КӨКТЕМ – 2023

Қарғынға қамданыс қауырт

Қардың қалың түсуіне байланысты биыл су тасқыны болуы ықтимал аймақтар алдын ала қамдануда. Осыған орай, қарағандылық апаттық-құтқару қызметтерінің қазіргі жұмысы қауырт. Жыл сайынғы «Көктем – 2023» РКШО аясында тәжірибелік шаралар биыл да ұйымдастырылды. Бұқар жырау ауданындағы Садовое елді мекеніндегі Нұра өзенінің арнасындағы оқу-жаттығу Төтенше жағдайлар жөніндегі вице-министр, генерал-майор Марат Күлдіков пен облыс әкімінің орынбасары Вадим Басиннің басшылығымен өтті.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– 255 елді мекенді су басуы мүмкін. Бұл – 127 мыңнан астам үй және 700 мыңнан астам адам. Оңтүстік аймақтарда қардың еруіне санаулы күн қалды. Қазір барлық күш-жігер алдын алу мен тасқынға дайындыққа бағытталған. Биылғы екі айда 15,1 шақырым уақытша бөгет салынды. Ал, 24 шақырымға жуығы жөнделді. 16 шақырымнан астам уақытша бөгет, сондай-ақ, елді мекендердің айналасында 41 шақырым білік тұрғызылды, – деген еді ҚР Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин.

Арқа даласы бұл тізімде аталмаса да, «Көктем – 2023» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу аясында жедел басқарудың барлық алгоритмі дайындалуда.

Арнайы оқу-жаттығуға Төтенше жағдайлар және Ішкі істер министрліктерінің бөлімшелері, жергілікті атқарушы органдар, республикалық азаматтық қорғау қызметтері, Ұлттық ұлан және Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері біріктірілді.

– Жалпы бұл оқу-жаттығудың негізгі мақсаты – су басуы ықтимал елді мекендерді тасқын судан аман алып қалу. Сонымен қатар, қар қалың түскен елді мекендердегі көпірлер мен негізгі су арналарын тоң мен мұздан арылту, тасыған су бағытын өзен арналарына бағыттау да міндет, – деп атап өтті Марат Күлдіков.

Осылайша, табиғи апаттардың алдын алуға қамданған бір топ құтқарушылардың жұмысы арнайы дабылдан басталды.

Қай жұмыс болмасын белгілі бір жүйенің аясында іске асары анық. Төтенше жағдайлар қызметінің де ұстанымы – осы жүйеге бағыну. Арнайы жаттығу алаңында ең негізгі әрекеттер көрсетілді. Олар – елді мекендерді қар құрсауынан тазарту, тасыған су екпініне қарсы қорғаныс бөгеттерін нығайту, су өткізетін арнайы көпірлерді, арық және дренаж жүйесін тазарту, инертті материалдарды дайындау.

– Бүгінгі таңда өңірде су тасқынында жедел әрекетке маманданған 35 мың адам, 11 мың бірлік техника, 700 жүзу және 3 мыңнан астам су соратын құрал сақадай сай. Биылғы қар мөлшерін қадағалау арқасында алдағы төтенше жағдайға толық дайынбыз деп айта аламыз. Оқу-жаттығу алаңындағы құтқарушылар әрекеті де соның бір дәлелі, – дейді Марат Мұхаметқалиұлы.

Аймақта былтырғы және одан арғы жылғы орын алған су тасқыны оқиғаларының анализдері қайта қаралып, сондай оқиғалар қайталанбау мақсатында нақты істер атқарылып жатқанын жеткізді ҚР ТЖМ Төтенше жағдайларды жою департаментінің бастығы Қаһарман Оразалин.

– Өңірімізде 150-ге жуық елді мекен мен 100-ге жуық автокөлік жолына қызыл судың қаупі бар. Космомониторинг қалыпты ауа-райын көрсеткенімен, күн күрт жылынса, жағдай күрделенуі әбден мүмкін. Облыстағы өзендердің кейбірі арнасынан асып тұр. Ең үлкен Нұра өзенінің суы биыл нормадан 1,5 есе жоғары. Ал, жердің тоңы орташа есеппен 160 см-ге жуықтайды. Облыс бойынша төтенше жағдайдың алдын алу үшін бюджеттен 3 миллиард теңге бөлінген. Тасқынға тосқын қою үшін 3,5 мыңға жуық адам және 1200 техника тас түйін дайын тұр, – деп мәлімдеді Қаһарман Нұртасұлы.

Сонымен қатар, төтенше жағдайлардың алдын алу бағдарламасы аясында су алған елді мекендердің тұрғындарын құтқару, оларды арнайы шатырларға жайғастырып, алғашқы жәрдем беру іс-әрекеттері де назарға ұсынылды.

● САЛТАНАТТЫ ШАРА

Төрде – еңбек адамы

Еңбек адамы қашан да құрметке лайық. Алғыс айту күні мерекесінде де от пен судың, өлім мен өмірдің ортасында жүрген бір топ жанның еңбегі еленді. Бұл күні құтқарушылар, дәрігерлер мен кеншілер, өзгенің қиындығын өзімдікі деп білген еріктілер, аптап ыстықта, саршұнақ аязда көшеде жүретін коммуналдық қызмет жұмыскерлері төрге озды.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандыдағы «Достық үйінде» өткен салтанатты шарада облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов еңбек адамдарының қоғамдағы рөліне жоғары баға берді.

– Бірінші кезекте біздің ардагерлерімізге өскелең ұрпаққа берген баға жетпес тәжірибесі үшін алғыс айтамын. Кеншілерге, металлургтерге, құтқарушыларға, дәрігерлерге – батылдығы мен ерен еңбегі үшін, жастарға – ыстық қайраты үшін, еріктілерге – мейірімі үшін ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ, Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестіктерінің мүшелеріне біздің қоғамда бейбітшілік, тыныштық пен тәртіп орнауына көп күш жұмсағаны үшін алғыс айтамын. Олар үнсіз, жарнамасыз үлкен істер атқарды. Менің ойымша, бұл – нағыз патриотизм, – деді Ербол Шымкентбайұлы.

Салтанатты жиында отызға жуық адам Алғыс хат алып, Қазақстан халқы Ассамблеясының «Алғыс» төсбелгісін өңіріне жарқырата тақты. Құрметке бөленгендердің қатарында апаттар медицинасы орталығының жедел әрекет ету бригадасының дәрігері Алмагүл Алдабекова да бар.

Дәрігер қазақстандық құтқарушылар делегациясының құрамында зілзаладан зардап шеккен Түркияда екі апта жүріп, әріптестерімен бірге жүзге таяу адамға медициналық көмек көрсеткен.

– Бала кезімнен дәрігер болатынымды білдім. Адамдарға көмектескенді ұнататынмын. Мамандығым бойынша қызмет етіп келе жатқаныма он бес жыл болды. Соңғы бес жылда Апаттар медицинасы орталығында жұмыс істеймін. Біздің жұмысымызда салқынқандылық және жедел әрекет ету маңызды. Түркияға кеткен кезде түсіністік танытып, қолдау білдірген туған-туыстарыма ризашылығым шексіз, – дейді Алмагүл Алдабекова.

Профессор Х.Мақажанов атындағы көпсалалы аурухананың реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінің меңгерушісі Евгений Королев те марапатқа ие болды. Он жеті жылдан бері дәрігер қызметіндегі Евгений жақында әріптестерімен бірге жол апатынан зардап шеккен он бес жастағы қызды аман алып қалды.

– Өз таңдауыма ешқашан өкінген емеспін. Біздің ауруханаға күн сайын ондаған пациент келеді. Олардың сауығуы – біздің ұжымның, біздің команданың ортақ жетістігі. Жақында санавиация жол-көлік оқиғасына тап болған қыз баланы алып келді. Сау жері жоқ, миы, кеудесі жарақаттанған. Оның үстіне өкпесінің бір жағы жұмыс істемеді. Тексергенде өкпесіне тіс тұрып қалғаны белгілі болды. Эндоскопистер тобы жабылып, тісті тыныс алу жолынан алып тастадық, – дейді Евгений Королев.

Бұдан бөлек, «Джорджия – 2007» грузин қоғамдық-мәдени орталығының төрағасы Григорий Долидзе, Абай ауданының «Русалица» славян этномәдени орталығының басшысы Любовь Стрельцова, «Саран» шахтасының бригадирі Асқар Жұмамұратов марапатталды.

Сондай-ақ, «Энергоцентр» және «Қарағанды Су» ЖШС ұжымдары да биіктен көрінді. Бұл ұжымдар Екібастұздағы төтенше жағдай кезінде көмек қолын созған еді.

Банкроттыққа өтініш беру басталды

2022 жылдың 30 желтоқсанында Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңына қол қойды.

Бұл дегеніміз, қарызы бар азаматтар 2023 жылдың 3 наурызынан бастап, банкроттыққа арыз бере алады.

Банкроттық туралы заң рәсімдердің үш түрін қарастырады – ол соттан тыс банкроттық, сот банкроттығы және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру.

Бұл рәсімдерді тек қарыз алушының өзі ғана бастай алады, яғни несие берушінің борышкерге қатысты осы рәсімдерді қолдануға құқығы жоқ.

Банкроттықтан кейін пайда болатын салдар:

Сот банкроттығын және соттан тыс банкроттығын қолданатын азаматтар:

- 5 жыл ішінде банктерден және микроқаржы ұйымдарынан кредит ала алмайды (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа);
- олар 7 жылдан кейін ғана қайта банкроттыққа жүгіне алады;
- олардың қаржылық жағдайы банкроттықтан кейін үш жыл бойы тексеріледі.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру кезінде мұндай салдар болмайды.

Банкротқа ұшырау арқылы азамат өзінің несиелік рейтингін төмендететінін түсінуі керек және барлық артықшылықтар мен кемшіліктер саралануы тиіс, яғни банкроттық туралы шешімді ойланып барып қана қабылдау керек.

Соттан тыс банкроттық, қарызды реттеу тәртібі дегеніміз не?

Соттан тыс банкроттық, бұл рәсімді азаматтар тек банктер, микроқаржы ұйымдары мен коллекторлық агенттіктер алдындағы борыштар бойынша келесі шарттарға сәйкес қолдана алады:

1. банктер, микроқаржы ұйымдары және коллекторлар алдындағы борыш **1 600 АЕК-тен аспайды** ***(2023 жылы 5 520 мың теңге);***
2. қарыз 12 ай ішінде өтелмеген;
3. мүлік жоқ;
4. қарыздар бойынша банкпен реттеу рәсімі жүргізілген.

Сонымен қатар, заңда ерекше жағдайлар қарастырылған:

– атаулы әлеуметтік көмек алушылар үшін *(12 ай ішінде төлемнің болмауы туралы критерий қолданылмайды);*

– берешегі 5 жылдан артық өтелмейтін азаматтар үшін *(олар бойынша мүліктің бар-жоғын тексеру және берешек сомасы бойынша шектеулер белгіленбейді).*

Қарызды реттеу тәртібі дегеніміз не?

2021 жылдың 1 қазанынан бастап Қазақстанда кредитті өтеуде қиындықтарға тап болған азаматтардың мерзімі өткен берешегін реттеу тәртібі қолданылады. Ол банктер мен микроқаржы ұйымдарына таралады.

Реттеу тәртібі келесі әрекеттерге сәйкес іске асырылады:

Мерзімі өткен қарыз алушылар ол басталған күннен бастап 30 күннің ішінде қарыз бойынша мәселені шешу үшін банкке және/немесе микроқаржы ұйымына өтінішпен жүгінуге тиіс.

Жалпы, бұл процедура туралы толығырақ ақпаратты Агенттікке «1459» нөмірі бойынша call-орталық немесе «Fingramotalline» мобильді қосымшасы арқылы білуге болады.

Соттан тыс банкроттық рәсімін Мемлекеттік кірістер органдары *(аудандық бақармаларымен)* жүргізеді.

Арызды азамат «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы, яғни E-gov және ХҚКО арқылы электрондық нысанда береді.

Бұдан басқа, «E-salyg Azamat» қосымшасы арқылы арыз беру мүмкіндігі іске асырылады.

Қазіргі уақытта тестіленіп жатқан ақпараттық жүйе арқылы борышкердің қажетті критерийлерге сәйкестігі мүдделі мемлекеттік және өзге де органдардың деректерімен автоматты түрде салыстырылады.

Сот банкроттығы –
банкроттық рәсімдерінің екінші түрі

Сот банкроттығы, азаматтар қарызы **1600 АЕК-тен** астам **(2023 жылы – 5 млн. 520 мың теңге)** және кредиторлар алдындағы борыштардың барлық түрлері бойынша қолдана алады.

Сот банкроттығы кезінде борышкердің мүлкі сауда-саттықта сатылады.

Бірақ мұнда да өзіндік ерекшеліктер бар. Кредитор **борышкердің жалғыз тұрғын** үйін сот банкроттығы барысында **ол кепіл нысанасы** болған жағдайда ғана алып қоюға құқылы.

Түскен қаражат белгіленген кезекке сәйкес кредиторлар алдындағы борыштарды өтеуге жіберіледі.

Борыштың қалған өтелмеген сомасы борышкердің жосықсыз белгілері болмаған жағдайда есептен шығаруға жатады. Яғни, ол мүлікті, ол туралы ақпаратты жасырмауы және жалған мәліметтер бермеуі керек.

Алайда, алимент және басқа адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян бойынша қарыздар, қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша залалды өтеу, сондай-ақ сот шешімі бойынша өндіріп алынатын бюджетке төленетін төлемдер есептен шығарылмайды.

Сот банкроттығы рәсімін қаржы басқарушылары жүзеге асырады, **олардың құрамына:**

- Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің банкроттық рәсімін жүзеге асыратын әкімшілер;
- Кәсіби бухгалтерлер;
- Заң кеңесшілері;
- Аудиторлар **кіреді.**

Олардың қызметтері ақылы, борышкердің мүлкі есебінен – айына бір ең төменгі жалақымен есептеледі *(2023 жылы бұл – 70 мың теңге).*

Мүлкі жоқ әлеуметтік осал топтарына жататын адамдар үшін қаржы басқарушыларының қызметтерін мемлекет төлейді.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, яғни тұрақты табыс болған жағдайда сотта қарыздарды бөліп-бөліп төлеу мүмкіндігін (5 жылға дейін) көздейтін рәсім. Қалпына келтіру жоспары қаржы басқарушысымен бірлесіп әзірленеді және сотта бекітіледі.

Бұл ретте барлық міндеттемелерінің мөлшері (оның ішінде орындау мерзімі басталмаған) өзіне тиесілі мүліктің құнынан аспайтын борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы арызбен ғана сотқа жүгінуге құқылы.

Бұл рәсімнің артықшылығы – одан кейін адам «банкрот» мәртебесін алмайды, сондықтан оған банкрот үшін көзделген салдарлар қолданылмайды.

Қазыбек би атындағы ауданның
мемлекеттік кірістер басқармасы

Туризм туған жерді түлетеді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Арман Шалиұлы атап өткендей, торап санын көбейтуге жолдардың елді мекендерден алыс өтуі қиындық тудырып тұр. Арнайы инфрақұрылым – су, кәріз жүйесін, электр желісін тарту қыруар қаражатты қажет етеді.

Ал, орын бөлуде проблема жоқ. Бұл мәселеге келгенде «ҚазАвтоЖол» кеңдік танытып отыр. Облыстық филиал директорының орынбасары Айбол Түсіпбаев Қарағанды-Қарқаралы арасында санитарлық-гигиеналық торап құрылысына үш жерден орын беруге әзір.

Бұл мәселе қашан шешімін табатыны құзырлы органдар өкілдерінің өздеріне беймәлім. Әзірге, жол бойындағы кафелер жолаушының қажетін өтей бермек.

Этнотуризм жобаларына
қолдау қажет

Президент этнотуризмді дамыту туралы баса айтқан еді. Кенді өлкеде сүбелі жобаны Перизат Құлымбетова ұсынып отыр.

Перизат Қалиханқызы – «Алтын өрнек» орталығының директоры. Орталық былтыр құрылды. Сондай-ақ, Аналар кеңесінің жанындағы «Ісмер» клубына жетекшілік етеді. Клубта ай сайын төрт-бес рет тегін шеберлік сағаттарын өткізеді. Бұл сағаттарға көпбалалы аналар, бойжеткендер, оқушылар қатыса алады.

Қазіргі таңда кәсіпкер қолөнершілер орталығын ашуға бел буып отыр.

– Бүгінде мен үш жүзден астам қолөнер шеберінің басын біріктіріп отырмын. Облыстың әр өңірінде еңбек етіп жүр. Мен осы шеберлер өз жұмысын көрсете алатын бір орталық ашсам деймін. Мүмкіндіктеріне қарай келіп, жұмыс істеуіне жағдай жасаймын. Облыс әкіміне де бұл идеямды айттым. Әкім қолдады. Павильон тауып беруге уәде етті. Павильонда етікші етігін, тігінші киімін тігеді, зергер жүзік соғады дегендей. Шет елден келген туристер орталықта қазақтың ұлттық бұйымдарының қалай жасалатынын көре алады. Саяхатшылар үшін қызықты болады деген ойдамын, – дейді Перизат Қалиханқызы.

Сондай-ақ, кәсіпкер орталық жанынан екі дүкен ашуға ниетті. Бірінде орталық шеберлерінің қолынан шыққан киім-кешек, зергерлік бұйымдар саудаланса, екіншісінде туристер үшін арнайы дайындалған кәдесыйлар сөреге шығарылады.

– Менің мақсатым – облыста қолөнерді қайта жаңғырту. Қазағы аз Қарағанды үшін өте маңызды жоба деп білемін. Бұл коммерциялық емес, әлеуметтік жоба болады. Қазір облыс әкіміне ұсынысымызды әзірлеп жатырмыз, – дейді Перизат.

Жазира Жанкина да этнотуризмді дамыту бағытында туристік-анықтамалық орталық ашу қажеттігін айтады.

– Бұл орталықта туристке қайда баруға болатыны туралы бағыт көрсетеміз. Саяхатшы өзіне қажетті ақпаратты алып, Қарағанды облысының көркем жерлерімен виртуальді түрде таныса алады. Қазақ дәстүрін, ұлттық қолөнерін көзімен көреді. Тоғызқұмалақ, асық ату сынды ұлттық ойындарды ойнап, тағамдардан дәм татады, – дейді Жазира Құрмашқызы.

Кәсіпкердің сөзіне сенсек, мұндай орталықтар Қазақстанның барлық дерлік өңірінде бар. Тек, Қызылорда, Орал, Петропавл мен Қарағанды ұятты болып тұрмыз.

Президент айтқан үдеден шығуда Қарағандыға артылған жүк ауыр. Өйткені, бізде сырттағы жұрт сүйсінген байлық бар. Міндет – сол байлықты ұқсатып, қызметімізге жарату...



ҚР Парламент Мәжіліс депутаттығына өзін-өзі ұсыну

1962 жылы Қарағанды қаласында қарапайым жұмысшы отбасында туып-өстім. Әкем соғыс отын түгелдей кешкен, шешем үй шаруасындағы әйел.

Халықтан шыққандарға, проблемаларды
іштен білетіндерің дауыс беріңдер!
МЕНІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАМ:

– АЗЫҚ-ТҮЛІККЕ ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒАЛАР!
– ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНЫҢ ЗИЯНДЫ ҚАЛДЫҒЫ АЗАЙТЫЛСЫН!
– БАРЛЫҚ БАЛАЛАРҒА – ТЕГІН СПОРТ ҮЙІРМЕЛЕРІ!
– ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖОЙЫЛСЫН!

Мен көп және бос уәде бермеймін, уәде беріп, орындамағаннан жаман ештеңе жоқ!

Республикалық бюджет қаражатынан төленген

Ерлан Уалиевич Тогайбаев
«AMANAT» партиясынан №21 сайлау округі бойынша
Қарағанды қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат

Құрметті азаматтар!

Өз еңбек жолымда жеке кәсіпкер, мемлекеттік қызметші болып, қаламыздың құрылыс және ТКШ саласында жұмыс істеп, еңбек ұжымдарымен тікелей қарым-қатынас жасай отырып, мен қаламыздың көптеген проблемалық мәселелерін өзім зерттедім. Бұл мәселелер көптеген жылдар бойы шешілмей келеді, бірақ олардың шешімдерін салмақты және жүйелі түрде қарасаңыз, бәрі ойдағыдай болатынына сенімдімін! Біздің бірлескен іс-әрекеттеріміз, белсенді азаматтық ұстанымымыз әрбір қарағандылықтың өмір сүру сапасын жақсартатынына сенімдімін.

Қаламыздың өзекті мәселелерін ескере отырып, алдыма қойған міндет-бағыттарымды өздеріңізге ұсынамын:

1. Сапалы жылумен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін – орталық жылумен және орталық газбен жабдықтау, кварталішілік желілерін дамыту мен салуға қол жеткізетін боламын (балама ретінде);

2. Қоғамдық көліктің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін – қоғамдық көлік маршруттарында жылжымалы құрамның (автобустардың) санын ұлғайтуға қол жеткізетін боламын №55, №145, № 45, №73;

3. Қауіпсіз жол инфрақұрылымын қамтамасыз ету үшін – орамішілік жолдар мен тротуарларды күрделі салу және ағымдағы жөндеу, сондай-ақ, көшелерді жарықтандыру бойынша қалалық бағдарламаларды дамытуға ұмтылатын боламын;

4. Мектепке дейінгі балалар мекемелеріне деген қажеттілікті қанағаттандыруды қамтамасыз ету, ата-аналарға өз жұмысын және оқуын жалғастыру үшін жағдай жасау үшін – барлық меншік нысанындағы мектепке дейінгі ұйымдарды құруға және дамытуға ұмтылатын боламын;

5. Қала тұрғындарының кез келген жас санаттарындағы қолайлы бос уақытын қамтамасыз ету үшін – абаттандыру жұмыстары арқылы қоғамдық кеңістіктерді жайластыруға қол жеткізетін боламын:

Орындықтары бар жаяу жүргіншілер аймақтарын құру;

Қоғамдық спорт алаңдарын құру;

Жол бойындағы және жаяу жүргіншілер аймақтарын көгалдандыру;

Жол бойындағы және жаяу жүргіншілер аймақтарын жарықтандыру;

Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қорғау пункттерімен қамтамасыз ету;

Қоғамдық кеңістіктерде ескерткіштер мен шағын сәулет нысандарын салу.

6. Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қаңғыбас жануарлардың санын азайту үшін – қаңғыбас жануарларға арналған баспана салуға, олардың бақылаусыз көбеюін шектеу мақсатында оларды емдеуді, зарарсыздандыруды және кастрациялауды қамтамасыз етуге ұмтылатын боламын.

Республикалық бюджет қаражатынан төленген

@ERLAN_TOGAIBAYEV

Мирас Даниярұлы
Қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Қарағанды облысы «AMANAT» партиясынан №13 сайлау округі

Өмірбаян

Мен, Даниярұлы Мирас, 1991 жылы Қарқаралы қаласында дүниеге келдім. Анам- орта мектепте мұғалім, әкем- бас механик, үйленгенмін үш балам бар. Қарағанды қаласының №36 мектебінің түлегімін.

ҚЭУ жанындағы Кәсіпкерлік экономика және құқық колледжінің заң факультетін үздік бітірдім. Аталған оқу ордасының заң факультетін заңгер мамандығы бойынша бітірдім.

Мемлекеттік грантқа түсіп, ҚарМТУ магистратурасын құрылыс мамандығы бойынша үздік тәмамдадым. Сонымен қатар Абай атындағы Көкшетау университетінің құқықтану мамандығы бойынша магистратурасын үздік аяқтадым. Қазіргі уақытта компанияда техникалық директор болып жұмыс істеймін. Біз қала тұрғындары мен ұйымдарын байланыспен қамтамасыз етеміз.

Құрметті жерлестер!

Алдыма қойған басты міндетім – әр адамның жеке басының мәселесін шешуге көмектесу.

Бағдарламам бірнеше өзекті бағытты қамтиды:

1. Өлкеміздің тарихи және ұлттық құндылықтарын насихаттау.

2. Жаңа қала салу бағдарламасы бағытында, қала тұрғындарының өмірін неғұрлым қолайлы, жайлы тұрмысын қамтамасыз ету мақсатында алдыма қойған міндеттерім:

- жолдарға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу;
- көшелерді үздіксіз жарықтандырумен қамтамасыз ету;
- аймақ экологиясын қорғау бағдарламаларын қаржыландыруды ұлғайтуға ықпал ету.

3. Қауіпсіз қала.

- учаскелік полиция инспекторларының қызметін жандандыру;
- жаңа полиция бекіністерін ашу;
- бейнебақылау камераларының санын көбейту.

4. Жастарды қолдау. Мамандандырылған оқу орындарында ірі кәсіпорындардың қамқорлығын құру, дуальді оқытуды дамыту бағдарламасы аясында олардың өзара тығыз байланысын қамтамасыз ету.

Қаламыздың болашағын өнегелі, дені сау ұрпақсыз елестету мүмкін емес, сондықтан қала аулаларына жаңадан балалар және спорт алаңдарын ашуға өз үлесімді қосамын. Бұл жұмыстың идеялық құрамдас бөлігі де маңызды, ол үшін мен жаңа қалада «Жастар Арбатын» салу идеясын ұсынамын.

Жоғарыда аталған мәселелерді жүзеге асыру барысында бар күш-жігерімді, іскерлік қасиетімді, іс-тәжірибемді аянбай қолданамын.

Құрметті жерлестер, өз таңдауыңызды дұрыс жасауға шақырамын!

Республикалық бюджет қаражатынан төленген

@DANIYARULY_MIRAS

Реформаның тарихи маңызы

Мемлекеттің басты құндылығы мен негізгі тірегі – халық. Конституциямызда халық – биліктің қайнар көзі деп нақты жазылған. Дана халқымызда «Халық – Құдайдың бір аты» деген тәмсіл сөз бар. Сондықтан, халықтың сеніміне ие болған саяси биліктің атқаратын міндеті – мемлекет азаматтарына қамқорлық көрсетіп, әл-ауқатын көтеріп, ұлттық құндылықтарды нығайту арқылы елдің рухани-мәдени дамуына қолдау жасау болмақ.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүргізіліп жатқан ауқымды саяси және экономикалық реформалардың басты мақсаты мен көзделіп отырған нәтижесі – Қазақстан халқының әл-ауқатын арттырып, тұрмыс сапасын жақсартып, әлеуметтік теңдікті орнатуға бағытталған. Жалпы, соңғы үш жылда Мемлекет басшысы қолға алған өзгерістер мен конституциялық реформалар елімізде мемлекеттік-саяси құрылымның жаңа үлгісін қалыптастырды. Әсіресе, 2022 жылғы «Қаңтар қасіретінен» кейінгі «Әділетті, Жаңа Қазақстан» идеясы аясында халқымыздың көптен күткен арман-мақсаттары мен ұлттық қауіпсіздігімізді күшейту ісін жүзеге асыратын саяси реформалардың легі басталды. Өткен жылдың маусым айында Қазақстан халқы жаппай қатысқан референдумның қорытындысында Конституцияның 33-бабына 56 өзгеріс енгізіліп, билік тармақтары арасында тепе-теңдік орнады. Конституцияға енгізілген өзгерістер мемлекеттік құрылымының тұғырын нығайтып, саяси биік мәдениетке негізделген Әділетті Қазақстанның азаматтық қоғамының дамуына мүмкіндік беретін маңызды қадамдар болды.

Мемлекет басшысының 2022 жылдың 16 наурызындағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» деп аталып, ерекше тың бастамалар мен саяси реформалардың басталуына жол ашты. Бұл Жолдауды еліміз айрықша назармен, үміт пен күдік араласқан алаңдаушылықпен күткені рас.

Қоғамдық санаға соны серпіліс жасап, мемлекет бағдарын жаңа арнаға бағыттаған Жолдау барша Қазақстан халқының көңілінде ел ертеңіне деген сенім ұялатты. Себебі, Қаңтар қасіретінен елдің жабырқап қалған көңіл күйіне сенім ұялатқан, жарқын болашаққа деген талпынысын арттырған жаңа қоғамдық-саяси ахуалды қалыптастыру бүгінгі биліктің басты ұстанымы еді. Обалы не керек тұтастай алғанда қоғамдық әділеттілік пен ашықтыққа және жаңару мен жариялылыққа негізделген тың Жолдауда «Жаңа Қазақстанның» құрылып, оның басты ұстыны әділеттілік пен әлеуметтік әділдіктің орнайтынына барша халқымыз риясыз сенді. Мемлекет басшысының Жолдауы шын мәнінде барша Қазақстан халқының көкейіндегі басты тағдыршешті сұрақтардың жауабын берді. Және ондаған жылдар бойы шешімін таппай келген күрделі сұрақтардың оңтайлы шешілуіне де ықпалын тигізді. Ерекше тегеурінді Жолдауда Президент: «Алдымызда Парламенттің ролін күшейту міндеті тұр. Бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын табысты жүзеге асыруға жол ашады. Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз. Жаңа Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдырамыз. Осыған орай «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын басшылыққа аламыз. Бүгін мен осы стратегиялық мақсатымызға жетуге мүмкіндік беретін бірқатар бастаманы ұсынамын» деп Қазақстан халқына 10 басым міндеттен тұратын нақты бастамаларын жария қылды.

Жолдаудағы бірінші бастама Президенттің өкілеттілігі туралы болды. Онда Мемлекет басшысы суперпрезиденттік басқару үлгісінен бас тартып, ықпалды күшті Парламенті бар президенттік басқару үлгісіне ауысты. Президент: «Біз Қасіретті қаңтардан мынадай маңызды сабақ алдық: мемлекеттегі ең жоғары лауазымды тұлғаның қолында барлық өкілеттіктің шоғырлануы оған жақын тұлғалар мен қаржылық-олигархиялық топтардың ықпалын орынсыз күшейтеді. Сосын олар мемлекетті жекеменшігі сияқты көре бастайды», – деп қадап тұрып айтты. Бұл нағыз мемлекет пен халықтың тағдырына бейжай қарамайтын басшының пікірі.

Жолдаудың үшінші бастамасында халықтың демократиялық билігі мен мәдениетінің өлшемі болып саналатын «Сайлау жүйесін жетілдіру» туралы болды. Онда сайлау енді аралас жүйе бойынша өтетінін жеткізген Мемлекет басшысы: «Пропорционалды-мажоритарлы үлгіде сайлаушылардың мүддесі ұлттық және өңірлік деңгейде толық көрініс табады. Мәжілістің депутаттық корпусының 70 пайызы пропорционалдық, 30 пайызы мажоритарлық тәсілмен жасақталатын болады. Сонымен бірге аралас сайлау үлгісі облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихаттар сайлауына да енгізіледі. Бұл қадам – партиялардың Мәжіліс пен мәслихатқа өту шегін төмендету үшін осыған дейін қабылданған шешімнің заңды жалғасы. Бұдан былай мажоритарлық жүйе бойынша әрбір аймақ Парламенттің төменгі палатасына өзінің кемінде бір депутатын сайлай алады. Жаңа үлгі көзқарасы әртүрлі азаматтардың Мәжіліске келуіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ, аудандар мен қалалардағы сайлауды толығымен мажоритарлық жүйеге көшіруді ұсынамын. Бұл жүйе жергілікті жерде бәсекелі саяси орта қалыптастырады. Оған қоса, елдің алдында беделі бар жаңа тұлғалардың саясатқа келуіне жол ашады», – деп зор жауапкершілікпен жариялады.

Биыл 2023 жылдың 19 наурызында «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауының» белгіленуі осы Жолдаудағы жоспарланған саяси реформаға байланысты жүргізіледі. Биылғы сайлауға елімізде тіркелеген 7 саяси партияның қатысып отырғанына бәріміз куәміз. Партиялық тізіммен Парламент Мәжілісі депутатының 69 мандаты үшін 7 саяси партиядан барлығы 281 адам үміткер болып, саяси додаға түсті. Ал мажоритарлы үлгі бойынша 29 мандатқа барлығы 609 адам үміткер болып отыр. Ал мәслихат депутаттарына келсек елімізде аудан бойынша 2 130 мәслихат депутатының орны, қалалар бойынша 617 мәслихат депутатының орны, облыстар мен республикалық маңызы бар Астана, Алматы, Шымкент қалаларында 334 мәслихат депутатының орны бар. Сонда мәслихат депутаты болуға құқық беретін барлығы – 3 081 мандат бар екен. Бүгінгі күнде Қазақстан бойынша осы 10 мыңнан астам үміткер мәслихат депутаттығына сайлану үшін ұлы додаға араласып кетті. Сөз жоқ бұл еліміздегі жариялылық пен әділеттілік тұрғысындағы ірі саяси реформаның іс жүзінде жүзеге асырылып жатқанының айқын көрінісі. Ел таныған, ұлт мүддесі жолында қызмет атқарады деген азаматтардың барлығы бұл сайлаудан тыс қалған жоқ десе де болады.

Президент Жолдауындағы саяси маңызы мен стратегиялық мақсаттары жағынан қорғасындай салмақты бастамаларының ішіндегі «Еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру» атты сегізінші тапсырмасына келгенде барша қазақ халқының жүрегі селт етіп, көңіл күйлерінің

толқынысында шек болмады десем артық айтқанымыз емес. Анығын айтсақ, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени-рухани жүйесін кемелдендіру орайында жаңа әкімшілік-аумақтық өңірлерді құра отырып, одан әрі дамытуды ұсынды. «Мемлекетіміздің өркендеуі аймақтардың қуатты болуына тікелей байланысты. Мен бұл мәселеге 2019 жылғы Жолдауымда кеңірек тоқталдым. «Қуатты өңірлер – қуатты ел» деген ұстанымым әрдайым өзекті. Осы орайда, еліміздегі әкімшілік-аумақтық құрылымның оңтайлы болуы өте маңызды», – дей келе Мемлекет басшысы халықтың қалауын мұқият зерделегендігін жеткізе келіп: «Ең алдымен Семей аймағында Абай облысын құруды ұсынамын. Семей қаласы жаңа облыстың орталығы болады... Кезінде Алаш арыстарының басын қосқан Семей қаласының жағдайы мәз емес. Біз тарихи әділеттілікті орнатып, ұлыларымыз дүниеге келген киелі өлкені қайта жаңғыртуға тиіспіз», – деп биік мінберден салтанатты түрде жариялағанда бөркін аспанға атып қуанбаған Алаш баласы қалмады. Қай заманда болмасын Семей өңірі Алаштың мерейін үстем еткен қасиетті мекен болды. 1917 жылы Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ ұлттық демократиялық зиялы қауым Орынборда Алаштың туын көтеріп, мемлекетін құрғанда астана байтағымызды қайда орнатамыз дегенде бірауыздан – Семей қаласы Алашорда халық Кеңесі үкіметінің орталығы болады деп шешім қабылдауында зор тарихи мән жатыр. Тарихи әділеттілік пен мінсіз қоғам идеясымен Жаңа Қазақстан жағдайында бой түзеп құрылған жаңа аймақ – Абай облысында жаңадан инфрақұрылымдар бой түзейтіні айдан анық. Өндірісі дамып, шұрайлы өлкеде мыңдаған жұмыс орындары ашылып, қыз-қыз қайнаған тіршілік жүріп жатыр. Халық қайта қоныстанған киелі өлкеде демографиялық ахуал жақсарып, халық санының өсу динамикасы басталды. Абай мен Шәкәрімнің рухы асқақтап, қазақ халқының данышпан перзенті Мұхтар Әуезовтің аруағы риза болды. Алаш арыстарының басы қосылған Абай облысы Жаңа Қазақстанның жасампаздығының, ұлттық бірегейлігінің символы айналды. Президенттің тегеурінді бастамасымен елдің көкейкесті тілегі болған тағдыршешті тарихи жағдайды былайша жеткізіп: «Тағы бір мәселе. Бұрынғы Жезқазған облысының аумағында Ұлытау облысын құру қажет. Жезқазған қаласы қайтадан облыс орталығы болады. Бұл аймақта дербес облыс құру – экономикалық қана емес, рухани жағынан да маңызды шешім. Кең-байтақ қазақ жерінің дәл жүрегінде орналасқан Ұлытаудың төл тарихымыздағы орны ерекше. Ел тағдыры шешілген ұлы жиындар осында өткен», – деді.

Исі қазақтың тәу етер қасиетті мекені – қарт Ұлытау. Қара жер жаралғалы адам баласының – атамекені, атақонысы болған аймақта ең көне кәсіпшіліктер – мал шаруашылығы, егіншілік, металлургия ғасырдан-ғасырға жалғасып, үздіксіз дамыған. Киелі Ұлытау – қазақ баласының ұлы өркениетіне олжа салған қасиетті аймағы. Қазақ халқының тарихи жадысы мен дүниетанымында – Ұлытау – ерекше киелі тарихи-географиялық кеңістік саналады. Мемлекет пен ұлыстың тағдыры талқыға түскенде қазақ баласы түп көтеріліп келіп Ұлытауда келесі кеңес ашқан. Мұнда елдің геосаяси мүддесін айқындайтын ұлы Құрылтайлар өткен.

Бұл тарихи-географиялық территориялық белдеуде – ұлттың біртұтастығы мен бірлігінің ұстыны саналатын қасиетті мәдени-тарихи нысандар, археологиялық және сәулет ескерткіштері мыңдап орналасқан. Атап айтсақ, Алашахан, Жошыхан, Домбауыл, Болған ана кесенелерімен бірге тарихи тамыры есте жоқ ерте замандарға кететін Милыбұлақ қоныстары мен Басқамыр, Аяққамыр қалаларын айтсақ, төрткүл дүние елең етеді. Алтын Орданың саяси кіндігі болған осынау қасиетті мекенге шар тараптан туристер ағылып келіп жатыр. Ұлытау облысының ашылуы – Қазақстанның орталық аймағындағы тағы бір қуатты индустриалдық орталықтың дамуына әкелді. Сөз жоқ Президенттің «Қуатты өңірлер – қуатты ел» ұстанымы іс жүзінде жүзеге асып жатыр.

Жер жәннаты – Жетісу аймағында орналасқан Алматы облысын екіге бөлу де өте орынды – халықтың талабынан шыққан шешім болды. Бұрынғы ұлан-ғайыр Алматы облысының аумағында Жетісу және Алматы облыстары құрылды. Белгілі, белгісіз себептермен аты ұлықталмай қалған қазақ халқының біртуар тұлғасы Дінмұхамед Қонаевтың аты – Қапшағай қаласына беріліп, Алматы облысының орталығы – Д.Қонаев қаласы болып, барша жұрттың басын қосып отыр.

Ал 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауы елімізде алдағы кезеңдерде жүргізілетін қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени реформалардың нақты бағыт-бағдары мен оны іске асыратын жұмыс жоспары берілді.

Жолдаудағы кезек күттірілмей іске асырылатын «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2025 жылға дейін 800 мың оқушыға арналған жаңа үлгідегі мектептер салынады. Бір артықшылығы «Жайлы мектеп» жобасымен салынатын білім ошақтарының бір артықшылығы жаңадан салынатын барлық мектептерде толық жабдықталған пән кабинеттері мен оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге мүмкіндігі бар зертханалармен толықтай жабдықталады. Оның бір дәлелі ретінде 2021 жылы Мемлекет басшысының тікелей қатысуымен ашылған Қарағанды қаласындағы әмбебап шеберханалар мен студиялармен жабдықталған Абай атындағы мектеп-гимназиясын айтсақ та болады.

Президенттің реформалары барысында іске асырылып жатқан тағы бір маңызды ұлттық жоба «Ауылдық жердегі денсаулық саласын жаңғырту» атты жобасы деп аталады. Онда Қазақстанның барлық ауылдық елді мекендерінде заманауи медициналық инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге және көпбейінді ауданаралық орталықтар желісін ұйымдастыру міндеті күн тәртібінде тұр. Бұл ұлттық жобаның нақты нәтижесі – ауыл халқының 100 пайызын сапалы алғашқы медициналық көмекпен қамтамасыз етуді көздейді. Сондықтан, маңызы зор ұлттық жобадан ел халқы үлкен үміт күтіп отырғаны бәрімізге белгілі.

Референдумда қабылданған конституциялық өзгерістердің тағы да аса маңызды ба-

бында «жер мен табиғат халықтың меншігі» деп танылды. Енді Әділетті Қазақстанда әрбір қазақстандық отбасы ұлттық байлықтың игілігін көреді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлттық қор – балаларға» атты стратегиялық бағдарлама қабылдады. Енді Ұлттық қордағы табиғи қазба байлықтарды сатудан түсетін инвестициялық табыстың 50 пайызы балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударылады. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады. Кәмелет жасына жеткен үлкен өмірге қадам басқан болашақ қазақстандық жастар бұл қаржыны оқуға немесе баспана алуға жұмсай алады. Биыл жаңадан сайланатын Парламент Мәжілісі депутаттары бағдарламаны іске асырудың барлық тетіктерін талқылап, арнайы заң қабылдайды. Ал 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап, әр баланың есепшотына белгілі бір мөлшерде қаржы аударылатын болады.

2022 жылдың 20 қарашасында бүкілхалықтық Президент сайлауында мемлекет басшысы 7 жылдық мерзімге ел Президенті болып сайланды. Бір ерекшелігі қабылданған саяси реформаның нәтижесінде Президент бір ғана мерзімге 7 жылға сайланады. Бұл мерзім кең ауқымда реформа жасауға әбден жеткілікті уақыт болып саналады. Алдағы 2023 жылдың 19 наурызында Парламент Мәжілісінің және барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының сайлануы күн тәртібінде тұр. Бұдан кейін іле-шала жаңадан Үкімет құрамы жасақталмақ. Алда зор жауапкершілік пен сындарлы кезеңдер де болады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси реформалары ендігі кезекте енді Әділетті Қазақстан қоғамында толықтай жүзеге асырылып, халқымыз дамудың жаңа белесіне жол тартты.

Қазақстан халқы аз ғана уақыттың ішінде Президент реформаларының тарихи маңызы мен халық үшін жасалып жатқан игілікті істерінің оң нәтижелерін көріп отыр. Әділеттілік принциптеріне негізделген «Жаңа Қазақстанды» құру оңай емес. Бұған Махамбетше жырласақ «Кәтепті қара нардай ерлердің» ісі керек екені белгілі. Президент әділдік идеясы Қазақстанның мемлекеттік саясатының өзегі мен мемлекеттіліктің басты мызғымас ұстыны болуға тиіс екенін атап өткен болатын. Осы орайда мінсіз қоғам мен әділетті мемлекет құру ісі – бүгінгі күнде «Жаңа Қазақстанда» іс жүзінде жүзеге асырылып жатқан ұлттық идеяға айналды. Ел бірлігін нығайтып, әртүрлі пікірдегі қоғамдық ойды біріктіретін қуатты идеялық бастамаларды бір арнаға бағыттай отырып, ұлттық идеологияның ұстыны ретінде азаматтардың мемлекетшілдік қасиетін қалыптастыру – Әділетті Қазақстанды құрудың нақты нәтижесі болмақ. Мемлекет басшысы саяси реформалардың тұтас кешенді бағдарламаларын жариялай отырып, ұлттық мүдде мен мемлекетшілдік қасиетке адал екенін көрсетті. Жаңа Қазақстанның идеологиялық іргетасы – демократиялық құндылықтар мен ашықтыққа негізделген мінсіз әділетті қоғам екеніне барлығымыздың көзіміз жетіп отыр.

Нұртас СМАҒҰЛОВ,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының аға оқытушысы

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Маусымдық тұмау өршіп тұр

Ауа райының қолайсыздығына байланысты жіті респираторлық вирустық инфекциялар (ЖРВИ) мен тұмау жұқтырғандар саны артқан. Эпидемиялық маусым басталғалы балалар арасында ЖРВИ көбейіп тұр. Бұл туралы облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Юрий Залыгин өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оның айтуынша, аймақта жыл басынан 1 наурызға дейін коронавирус инфекциясын жұқтырған 663 жағдай тіркелген. Оның 645-і симптомды, 18-і симптомсыз. Соңғы тәулікте сегіз адам ауырған. Облыс – «жасыл» аймақта. Сырқаттанушылық деңгейі алдыңғы аптамен салыстырғанда 23,5%-ға төмендеді. Есесіне, суық тиіп ауырғандар саны артуда.

– «Коронавирус инфекциясының тұрақты жағдайына қарамастан, біз ЖРВИ мен тұмаудың кезекті өсу сатысында тұрмыз. Инфекцияның таралу маусымы басталғалы ЖРВИ жұқтырғандар саны – 278 адам, оның ішінде 52%-ы 14 жасқа дейінгі балалар. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда сырқаттану деңгейі 1,3 есеге өскен, – дейді бас санитар дәрігер Юрий Леонидович.

Сонымен қатар, аймақта А1 және В тұмауларының 304 жағдайы тіркелді, оның ішінде тұмаудың А1 түрімен – 71, ал В түрімен 233 адам ауырған. 14 жасқа дейінгі 122 бала тұмау жұқтырған. Оқушылар арасында жіті респираторлық вирустық инфекция жұқтырғандар 1,8 есеге өскен. Дегенмен, департаменттің ЖРВИ-мен сырқаттанудың алдын алу мақсатында жүргізген мониторингі бойынша, мектеп оқушылары арасында сырқаттанушылық орта есеппен 4-15% аралығында. Осыған байланысты шектеу шаралары енгізілмеген. Сәйкесінше, тұрғындар арасында сырқаттанушылықтың апталық көрсеткіші жоғарыламаған. Яғни, жағдай – тұрақты әрі бақылауда.

ЖРВИ мен тұмаудан бөлек осыған ұқсас вирустардың да бар екендігін айта кеткен жөн. Мәселен, ЖРВИ белгілері бар науқастардан 1416 үлгі алынып, зерттеу жүргізілді. Нәтижесінде, тұмаусыз вирустардың үлесі – 16%. Олар – риновирус, РС вирусы, аденовирус.

– Аймақта туберкулез бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақтанды. 2022 жылы сырқаттану 19,6%-ға өссе, биылғы екі айда 63 адамнан сырқат анықталған. Оның үшеуі – бала. Жалпы, өткен жылдың қорытындысы бойынша туберкулез инфекциясы ошақтарында сырқаттану деңгейі сақталуда. Дәріге төзімді, АИТВ инфекциясымен байланысты туберкулезбен ауыратындардың үлесі артып келеді, – деп атап өтті басқарма басшысы.

Сондай-ақ, аймақта 2022 жылы жіті ішек инфекцияларының 960 жағдайы тіркеліп, 2021 жылмен салыстырғанда 26%-ға өскен. Әсіресе, тамақтан улану әлі де қауіп төндіруде. Өткен жылы жіті ішек инфекциясынан жаппай сырқаттану басым болды. Үйде отырып, пицца, суши және тағы да басқа тамақ түрлеріне тапсырыс берушілер арасында жиі кездесті. Яғни, кәсіпкерлер тамақтану орнын ашқанымен, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сай емес, кәсіпкерлік субъекті қызметінің басталғандығы туралы хабар бермегендіктен, кәсіпкерлік нысандар санитарлық-эпидемиологиялық қызмет қорытындысыз жұмыс істеп келген. Нәтижесінде, адамдар арасында ішек инфекцияларының таралуына әкелді.

Бұдан бөлек, тамақты үйде дайындаудың да зияны шаш етектен. Көп жағдайда санитарлық тазалық талаптарының сақталмайтындығы да жасырын емес. Өткен жылы үйде консервіленген «лечо» салатын пайдаланып, ауырған бір жағдай орын алды. Тамақтан улану әлі де тыйылмай тұр.

Осы орайда, бастысы санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету, тамақтану гигиенасын сақтау мен азық-түлікті дұрыс таңдау қажет. Жарамдылық мерзімі өткен заттардан аулақ болу, көкөністер мен жеміс-жидектерді жуу, тағамды толық пісіру мен қуырудың маңыздылығы зор. Әсіресе, құс еті мен балық өнімдерін пайдалануда мұқият болған абзал. Тез бұзылатын кремі бар кондитерлік өнімдерді тоңазытқышта сақтаған жөн.

Қоғамдық тамақтану орындарында жеке гигиенаны қатты қадағалап, мекеменің тазалығына да мән берген дұрыс.

Осындай маңызды мағлұматтар айтылған баспасөз мәслихатында мамандар уланудың алғашқы белгілері пайда болған жағдайда дереу дәрігерге жүгіну қажеттігін баса айтты.

Жалпы, эпидемиялық жағдайлардың алдын алуда сақтық шараларын күшейту қажеттігі де айтылды. Ауа райының күрт жылынуы да бірқатар мәселелерді туындатуы әбден мүмкін. Бұл туралы департамент басшысы Юрий Залыгин:

– «Қазгидрометтің» болжамы бойынша ағымдағы жылдың наурыз айы болуы мүмкін. Күрт жылыну, қардың жылдам еруі, жауын-шашын облыстағы су тасқыны жағдайын қиындатуы мүмкін. Көпжылдық бақылауға сәйкес, көктемнің ерте кезеңінде тәулігіне бір айлық жауын-шашын мөлшері түсуі мүмкін, – дей келе, тұрғындарды сапалы және қауіпсіз ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстарына мұқият болу керектігін қадап айтты. Бұл жұмыс тек бақылаушы органдар, зертхана қызметтері мен су көздеріне жауапты субъектілердің міндеті ғана еместігін тілге тиек етті. Қауіптің алдын алуда жеке адамдар да бейжай қарамауы қажет деп тұжырымдады. Осы орайда, ауланы қардан тазарту, еріген суды бұру, жекеменшік үй ауласындағы пайдаланып отырған құдыққа лас судың құйылмауын қадағалау, зарарсыздандыру жұмыстарын жүргізу шараларын да ескерген жөн.

Сайып келгенде, аймақта эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету үшін микст-инфекцияның алдын алу мақсатында қорғаныс шараларын қатаң назарда ұстаған абзал.

БРИФИНГ

Отбасының цифрлық картасы: механизмі мен тиімділігі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке Отбасының цифрлық картасын іске қосуды тапсырған болатын. «Халықтың әлеуметтік аз қамтылған тобына қолдау көрсету өте маңызды. Үкімет әлеуметтік қолдаудың проактивті форматына көшуі, оны барынша атаулы жасауы тиіс» деді Қазақстан Президенті Үкіметтің кеңейтілген отырысында. Осы орайда, 1 қаңтардан мемлекеттік қолдау шараларын проактивті (электронды) тағайындау үшін жұмыс процесінде Отбасының цифрлық картасы іске қосылды. Яғни, әр отбасының әлеуметтік картасы көңілге қонымды түрде жасалып, шынайы іске асырылады. Аталмыш ақпараттық жүйенің аймақтағы орындалысы мен ерекшеліктері, әлеуметтік қолдаудағы өзгерістер жөнінде өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында айтылды. Атқарылған іс-шаралар туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы Нүркен Блялов толығырақ баяндады.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– 2022 жылдың 1 қыркүйегінде «Әлеуметтік кодекс» жобасы аясында пилоттық режимде Отбасының цифрлық картасы ақпараттық жүйесі жұмыс жасай бастады. Жоба биыл іске қосылды. Отбасылық цифрлық карта азаматтардың әлеуметтік мәртебесіне байланысты кепілдендірілген мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алу құқықтары туралы ақпарат беретін күн сайынғы электронды жаршысына айналмақ. Мемлекеттік қызмет проактивті түрде СМС-хабарлама жіберу арқылы жүргізіледі, яғни мемлекет ақпараттық жүйе арқылы азаматқа тиісті органдарға жүгінбей-ақ, мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алуды өзі ұсынатын болады, – дейді департамент басшысы Нүркен Блялов.

Отбасының цифрлық картасы бастапқыда мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері негізінде жасақталды. Отбасылардың әл-ауқат деңгейі, оларға көрсетіліп отырған қолдау шаралары анықталды. Бүгінде аймақ бойынша 432 556 отбасының дерегі бар. Жан-жақты деректер негізінде «отбасы портреті» қалыптасты десе де болады. Әрі отбасы мәртебесі өзгерген сайын картадағы деректер де жаңарып отырады.

Мемлекеттік қолдау шарасын алуға құқық берілген тұста әлеуметтік көмек алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуге келісім алу үшін де СМС-хабарлама жіберіледі. Келісім алғаннан кейін әлеуметтік жәрдемақы, төлем немесе мемлекеттік қолдаудың өзге де түрі тағайындалып, кейіннен алушының банк шотына аударылады.

2022 жылдың 1 қыркүйегінен бүгінге дейін азаматтарға проактивті түрде мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған 4898 СМС-хабарлама жіберілді.

Жоба кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Бүгінгі күні жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдердің тоғыз түрі бойынша жаңа форматта қызмет алу мүмкіндігі ұсынылған. Олар, жүктілік кезеңі мен босануына байланысты, бала күтіміне байланысты, жұмысынан айырылған жағдайда, асыраушысынан айырылған жағдайда, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-анаға немесе қамқоршысына төленетін, мүгедектігіне байланысты берілетін, көпбалалы отбасына, «Алтын алқа» және «Күміс алқа» белгісі бар көпбалалы аналарға тағайындалатын төлемдер мен атаулы әлеуметтік көмек түрлері.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің түсіндіруі бойынша, «Отбасының цифрлық картасы» жобасы 2025 жылға дейін бірнеше кезеңде іске аспақ. Атап айтқанда, 2024 жылғы 1 қаңтардан денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы мемлекеттік кепілдіктер енгізіледі. 2025 жылдан мемлекеттік кепілдіктердің барлық түрі қамтылады.

«Отбасының цифрлық картасы» негізінде отбасылардың жекелеген санаттарын қолдау шаралы да күшейе түскен.

– Бала күтімі бойынша жәрдемақы төлеу мерзімі бір жылдан бір жарым жылға дейін ұзарды. Бұл санатқа өткен жылдың 1 қаңтарында дүниеге келген балалардың ата-аналары кіреді. Осы орайда төленетін жәрдемақыны ұзарту жөнінде құжат тапсырудың қажеті жоқ, төлем мерзімін ұзарту автоматты түрде жүзеге асады. Сондай-ақ, бұрындары бала күтімін жүзеге асыратын ата-ана еңбек қызметін қайта бастаған жағдайда, бала күтімі жөніндегі жәрдемақыны төлеу тоқтатылатын. Бүгінде аталмыш санаттағы отбасыларды қолдау үшін төлемдер тоқтатылмайды және республикалық бюджеттен төленетін жәрдемақы мөлшерінде жүргізіледі, – дейді Нүркен Аманбайұлы.

Аналарға деген әлеуметтік қамқорлық артып, «Алтын алқа» және «Күміс алқа», «Батыр ана» атағын алғандарға, I-II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерін алған аналарға «Марапатталған аналар» деген жаңа мәртебе берілді. Сәйкесінше, жәрдемақы мөлшері де өсті.

Зейнетақымен қамсыздандыру саласында да өзгерістер болды. Олардың бірі – 2023 жылдан әйелдердің зейнеткерлік жасын 61 жас деңгейінде жоспарланған арттыруды 5 жылға тоқтата тұру. Бұл шара коронавирус пандемиясының азаматтардың денсаулығы мен өмір сүру ұзақтығына теріс әсерін ескере отырып қабылданған. 2023 жылдың 1 қаңтарынан зейнетақы мөлшері 10,5 пайызға өсті. Облыс бойынша зейнеткерлер саны – 176 мыңға жуық.

«Отбасының цифрлық картасын» пайдалана отырып, медициналық қызметтерді де электронды түрде алуға мүмкіндік бар. Аймақтағы барлық медициналық ұйымдарда аталмыш жобаға қатысады.

– Онкологиялық аурулар, туберкулез, ересек адамдардағы қан айналымы жүйесінің, терминалды бүйрек жеткіліксіздігімен зәр шығару жүйесінің аурулары, психикалық және мінез-құлық бұзылыстары, балалардағы 1 типтегі қант диабеті, туа біткен және жүре пайда болған анатомиялық ақаулар, даун ауруы туралы барлық мәліметтер медициналық ұйымның ақпараттық жүйесіне енгізіледі. Жан-жақты тексерістен кейін мүгедектік белгілері анықталса, емдеуші дәрігер медициналық әлеуметтік сараптамаға жолдама мен оңалту бағдарламасын әзірлейді. Барлық шаралар қызмет алушымен электронды форматта СМС-хабарлама арқылы жүзеге асады. Мүгедектікті анықтау бірнеше кезеңдерден тұрады. Соңында қызмет алушыға немесе оның заңды өкіліне қабылданған сараптамалық қорытынды туралы СМС-хабарлама келеді, – дейді мүгедектікті куәландыру саласындағы өзгерістер туралы департаменттің бас маманы Айгүл Өркенқызы.

Баспасөз мәслихаты барысында зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бас маманы Ләззат Сембек қойылған сұрақтарға толымды жауап қайтарды.

Жалпы, «Отбасының цифрлық картасының» артықшылықтары зор. Біріншіден, уақытты үнемдейді, қағазбастылықтан арылтады. Құжат жинап, табаныңыздан таусылмайсыз. Қызмет алушыға өте ыңғайлы әрі тиімді. Әлеуметтік жәрдемақы тағайындау автоматты түрде жүзеге асады.

Құжаттарды қабылдау туралы хабарландыру

Қарағанды облысы кәсіпкерлерінің назарына!

Құжаттарды қабылдау: «Қарағанды облысының кәсіпкерлік басқармасы» ММ;

Пошталық мекенжайы: 100000, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 13, 306 каб.

Электрондық пошта мекенжайы: 503876@mail.ru

Толық ақпаратты: Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 13, 306 каб. немесе 87212/503876 байланыс телефоны арқылы білуге болады.

Нысанасы: 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 20-бабына және 79-4-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 28 қазандағы №773 қаулысына, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2021 жылдың 9 қарашадағы №795 қаулысына сәйкес Қарағанды облысының кәсіпкерлік басқармасы Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардан (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу үшін құжаттарды қабылдайды.

Өтінім берілетін жер: «Қарағанды облысының кәсіпкерлік басқармасы» ММ.

Құжаттаманы ұсыну мерзімі: 2023 ж. 1 наурыздан 15 наурызға дейін.

Жас кәсіпкерді жетелейтін жоба

(Соңы. Басы 1-бетте)

Тек, ол кезең несиені өтеу мерзімінің үштен бірінен аспайды.

Бүгінде несиені алуға ниет білдіргендерден өтініш қабылдау басталды. Өтініш беруші «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның Қарағанды филиалына жүгінуі қажет. Жеке куәлік, бизнес жоспары, жеке шоттың болуы туралы анықтама, жалақыны растайтын құжат, мүлікті бағалау туралы есеп және кепілдікпен қамтамасыз ету жөніндегі құжаттар жанында болуы міндетті.

Өтініш қабылданған соң 15 күн ішінде бизнес жоспарға сараптама жасалып, баға беріледі. Оң баға алған үміткердің құжаттары конкурстық комиссияның қарауына жіберіледі. Комиссия үш жұмыс күнінде қарайды. Егер, жоба комиссия қарауынан өтсе, үміткер шақырылып, өз жобасын қорғайды. Соңында жас кәсіпкерге бағдарлама шарттарына сәйкес несие беріледі.

Бұл жобаның жас кәсіпкерді жетістікке жетелейтіні сөзсіз.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Эльмира Әлиева: ТМД бойынша біріншіміз

Үстел теннисінен Қазақстан әлемдік аренада өз әлеуетін мойындатты. Бұл дәрежеге жетуде қарағандылық спортшылардың үлесі қомақты. Үстелдің арғы бетіндегі қарсыластарын ойсырата жеңіп, халықаралық жарыстарда озық шыққан қарағандылық Зәуреш Ақашева мен Алан Құрманғалиевтің жеке жаттықтырушысы Эльмира Әлиева осы спорттың қыр-сыры және болашақ жоспары туралы айтты.

– Ең үздік спортшыларыңыз Зәуреш Ақашева мен Алан Құрманғалиев еліміздің туын әлемдік аренада желбіретуде. Чемпиондар жайлы жеке жаттықтырушысының ойы қандай және олардың алдағы жоспарларымен таныстыра кетсеңіз.

– Зәуреш Ақашева үстел теннисінен Қазақстанның бірінші ракеткасы, әйелдер арасындағы Ұлттық құрамасының көшбасшысы, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, республикамыздың ең атақты теннисшісі. Ол қаңтар айында Катардағы Азия іріктеу турнирінен сәтті өтіп, әлем чемпионатына жолдама алды. Чемпионат мамыр айының соңында Оңтүстік Африка Республикасының Дурбан қаласында өтеді. Зәуреш қазір қызу дайындық үстінде. Алдағы жарыста жақсы жетістікке жетеді деген үміттеміз.

Алан Құрманғалиев жайлы сөз қозғайтын болсақ, ол Қазақстан Республикасының ең жас спорт шебері, халықаралық дәрежеде де ең жас спорт шебері, еліміздің үстел теннисі тарихындағы ең жас чемпионы, Азия жасөспірімдер чемпионатының қола жүлдегері және желтоқсан айында Тунисте өткен жастар әлем чемпионатында екі медаль жеңіп алды. Ол жекелей сында қола жүлдегер атанып, аралас жұпта әлем чемпионатында алтын медаль жеңіп алды. Алан Португалиядағы Халықаралық жасөспірімдер турнирінде бақ сынауда. Турнирді сәтті аяқтап, елге жақсы жаңалықпен оралады деген үміттеміз.

– Спортшылардың мұндай нәтиже көрсетуі үшін қолдау маңызды. Осы спорт түріне мемлекет тарапынан қаншалықты қолдау көрсетілуде?

– Әрине, мұның бәрі Қазақстан Республикасы үстел теннисі федерациясының орасан зор жұмысының арқасы. Олар спортшыларды қолдау мақсатында еліміздің сегіз өңірінде қазіргі заманғы құралдармен жабдықталған үлкен теннис орталықтарын салды. Оның бірі – Қарағандыда. Теннисшілерге қолайлы жағдайлар жасалған, заманауи жабдықтар мен сапасы жоғары үстелдер жеткілікті. Мұндай орталықтар алпыс жыл бойы біріншілікті бермей келе жатқан Қытай мен Жапония, Корея елдерінде ғана бар. ТМД елдері ішінде тек бізде үстел теннисі осынша жоғары дәрежеде дамыған. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы үстел теннисі федерациясы басшылығы жас жаттықтырушыларды қолдау мақсатында арнайы стипендия тағайындаған. Бұл оларды қанаттандыратыны сөзсіз. Осы спорт түріне енді аяқ басқан жас буынға да көрсетіліп жатқан қолдау жетерлік. Біз де өз кезегімізде еліміздің үмітін ақтауға тырысамыз.

– Сіз айтқан үстел теннисінің алғашқы бестігінен түспей келе жатқан Қытай, Жапония, Корея, Тайпей, Гонконг және басқа да Азия елдері жайлы ойыңыз қандай? Үстел теннисі Еуропаға қарағанда Азия елдерінде жақсы дамыған ба?

– Қытай 60 жыл бойы әлемде жетекші орынға ие болып келеді. Сондай-ақ, Жапония әлемдегі ең мықты бес команданың қатарында. Еуропа елдерінен Германия және Франция елдері жақсы нәтижелер көрсетуде. Егер, әлем бойынша командалық рейтингті қарастыратын болсақ, ең мықты ондықтың тізімінде Азия елдері басым түскен.

– Қарағанды облысындағы үстел теннисінің тыныс-тіршілігі қалай?

– Әрине, Қарағандының үстел теннисі қарқынды дамуда. Жоғарыда айтып кеткендей, заманауи жабдықталған үлкен орталықтардың бірі бізде салынған. Орталықта теннисшілер бар күшін салып, үздіксіз жаттығуда. Жаңа буын да қызығушылық танытып, ата-аналар өз балаларын осы спортқа беруде.

– Жаңа буын демекші, баланы неше жастан бастап дайындаған жөн және теннисшілер спортқа күніне қанша сағат арнайды?

– Алты жастан бастап, кейін кеш болуы мүмкін. Алты жастағы балалар аптасына сегіз сағаттан дайындалады. Қарағанды облысының құрамасы күніне екі рет үш сағаттан, жалпы алты сағат дайындалады. Спорт – олардың негізгі қызметі. Олар стипендия алып, толық қаржыландырылады.

– Спорт – денсаулық үшін өте пайдалы екені жалпыға белгілі. Үлкен теннис пен үстел теннисінің айырмашылығы мен адам организміне қалай әсер ететіні жайлы айта кетсеңіз?

– Екеуі де өте қиын спорт түрі. Адам денесіндегі барлық бұлшық ет қозғалысқа түсіп, жүрекке, өкпеге оң әсерін берері сөзсіз. Есте сақтау қабілеті мен адамның зейіні жақсара түседі. Үлкен теннис көбірек физикалық қабілетті қажет етсе, үстел теннисі жылдамдық пен зейінді қажет етеді. Доп қолмен тікелей байланыста болмағандықтан, оны сезу едәуір қиын.

– Ең үздік чемпиондарды дайындаған жаттықтырушы, яғни өзіңіз жайлы айтсаңыз. Сіздің кезіңіз бен қазіргі уақыттағы үстел теннисінің дамуында көп айырмашылық бар шығар?

– Мен спортқа он бір жасымда келдім. XX ғасырдың аяғында да үстел теннисі қарқынды дамыған еді. Бізге Флера Хасанова, Татьяна Медведева деген халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері үлгі болды. Біздің жастар сол уақытта КСРО чемпиондары атанды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін экономикалық дағдарыс болды. Қаржыландыру болмады. Ештеңеге қарамастан біз үстел теннисі мектебін сақтап қалдық. Еліміз өз тәуелсіздігін мойындатып, бар қиындықты артқа тастағалы бері жиырма жыл қатарынан біз де жоғары нәтиже көрсетіп келеміз. Соңғы үш жылда тіптен дамудың шегіне жеткендейміз. Дегенмен, алға қойған мақсат көп. Осы орталықтағы өзіміздің төрт жаттықтырушымыз және бір шет елден шақырылған жаттықтырушымен бірге теннисшілерді үздіксіз дайындаудамыз. Көп адам үстел теннисін спорт ретінде көрмейтіні қынжылтады. Спорт түріне жатпайтын болса, ол олимпиадалық болмас еді. Десе де, біз де күннен күнге бұл спорттың маңызын дәлелдеп келеміз.

– Жақын арадағы жоспарларыңызды айта отырсаңыз...

– Осы айдың 20-нан кейін IV Жазғы республикалық спартакиада болады. Республиканың әр бұрышынан барлық теннисшілер Қарағандының үстел теннисі орталығында жиналады. Осыған дейін біз екі рет күміс, үш рет алтын иеленіп, чемпион атанған едік. Осы жылы да чемпион атағын сақтап қалуға тырысамыз. Бұл – Қарағанды облыстық құрамасы алдындағы басты мақсат. Ал, Қазақстан құрамасының «жұлдыздары» Зәуреш пен Алан Дурбан қаласында өтетін чемпионатта Көк Туымызды желбіретуге ниетті.

Сұхбаттасқан
Ақерке МҰХАММЕД-АЛИ,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
4-курс студенті

● ЖАНЫНДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Құрылыстың қара нары

Нұра ауданы Кертінді ауылында екі қабатты мәдениеті үйі бар. 300 адамға қызмет көрсететін мәдениет ошағында мәдени іс-шаралардан бөлек, бірқатар үйірме де жұмыс істейді. Онда мектеп оқушылары тәлім алып, өнер аспанына қанат қағуда. Ауыл мәдениетінің дамуына ықпал етіп келе жатқан рухани орданың қабырғасын осы ауылдың перзенті, Қазақстанның Құрметті құрылысшысы Төлеген Оразбеков қалаған. Бұл Арқаның ардақты ұлы атқарған ұшан-теңіз еңбектің бір мысалы ғана. Саналы ғұмырын еліміздің құрылыс саласына арнаған еңбек ардагері Төлеген Әбілханұлы Оразбеков биыл мерейлі 75 жасқа желкенін кере жетіп отыр.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жасқа жеткен де бар, жетпеген де бар. Аллаға шүкір, Төлеген Әбілханұлы 75 жасқа абырой биігінде жетіп отыр. Басы аман, бауыры бүтін. Құдай қосқан қосағы Үлберген Мәмбетова қасында. Екеуі бес баладан он шақты немере, бірнеше шөбере сүйіп отыр. Енді, сәл шегініс жасайық.

Төлеген Әбілханұлы 1948 жылы 5 наурызда Нұра ауданы, Көбетей ауылында туған. Жастайынан зерек болып өскен кейіпкеріміз 1955-1966 жылдары бұрынғы Қазгородок ауылындағы орта мектепті ойдағыдай аяқтады. Ал, 1967 жылы Ақмола қаласында құрылыс шеберін дайындайтын оқу орнын үздік бітіріп шықты. Өйткені, бойында осы салаға деген қызығушылық пен икем бар-тын. Оның үстіне, жастайынан зәулім ғимараттар тұрғызып, үйлер салып, құрылыс саласын өрге сүйреп, елдің дамуына, халықтың еңсесінің көтерілуіне үлес қосуды армандаған.

Осылайша, аппақ арманы жетелеген талапшыл жас маман 1969 жылы Чкалов атындағы совхозда, қазіргі Кертінді ауылында құрылыс шебері болып жұмыс атқара бастайды.

Жұмысына адал әрі жоғары жауапкершілігімен көзге түскен ол 1973 жылы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бұйрығымен «Балықтыкөл» совхозына құрылысшы болып жұмысқа жіберіледі.

1977 жылы Қарағанды политехникалық институтына сырттай оқуға түсіп, 1982 жылы аяқтап, құрылыс инженері мамандығын алып шығады. Осы сәттен бастап, лауазым да өсті, жауапкершілік те артты. Бірақ, жастайынан еңбекке пісіп өскен кейіпкеріміз қандай лауазымда болса да, еңбекқорлықтан, адалдықтан тайған жоқ. Ал, 1984 жылы Нұра ауданының ауыл шаруашылығы басқармасының бұйрығымен Чкалов атындағы совхозға прораб болып ауысты. «Еңбек – бәрін жеңбек» деген ұстаныммен өмір сүрген Төлеген Әбілханұлы 1997 жылы совхозды қайта ұйымдастыруға байланысты «Батыр» кооперативіне коммерциялық сұрақтар бойынша төрағаның орынбасары болып ауысты. 1998 жылы өзіне тиесілі ауыл шаруашылығы жер алып, жеке кәсіпкерлікке көшті. Өз арбасын өзі сүйресе де, елге көмек беруден қашпай, жанашырлығын жалғастыра берді. 2011 жылы зейнеткерлікке шықты.

Тынымсыз еңбегі бағаланбай қалған жоқ. 2019 жылдың 15 шілдесінде «Қазақстанның Құрметті құрылысшысы» атағы берілген. 2022 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталыпты.

– Төлеген Әбілханұлын «Балықтыкөл» совхозында директорлық қызметте болған уақыттан білемін. Бірде ауданнан келе жатып, партком хатшысы С.Жұматов екеуміз Чкалов совхозында тұратын Төлегенге Балықтыкөлге құрылыс шебері болып ауысуға ұсыныс жасадық. Әкесі Төлегенді Балықтыкөлге жалғыз жібермей, өздері де көшіп келді. Сол кісілер шалғайдағы мал қыстақтарында шопандардың асыға күтетін көмегіне айналды. Төлегеннің бір қасиеті «құрылыс материалы жоқ» деп қарап отырмайтын. Сайды құлап өскен шілікті де, шымды да, таудағы тасты да қажетіне жаратып, шопанның үйі қора-қопсысын бүтіндеп шыққанша тыным таппайтын. Жас жігіттің бұл әрекеті совхоз әкімшілігінің назарынан тыс қалған жоқ. Уақыт шіркін жүрдек қой. «Ауыл келбетін өзгертемін, шопандардың жағдайын жақсартамын» деп шапқылап жүргенде 5-6 жылдың қалай өткенін де білмей қалыпты. Жұбайы мектепте химия, биология пәндерінен сабақ берді. «Еңбек ардагері» медалінің иегері. Жаңа келген прорабтың іс-әрекетіне «бос әурешілік» деп қарсы болған құрылысшылар, бірте-бірте құрылыс цехындағы өзгерістерді көрген соң оның дегеніне ден қоя бастады. Еңбек тәртібін нығайтуға құрылыс цехында көп жылдан бері еңбек етіп келе жатқан ардагерлер отбасылық сылақшы Асаиновалар, Қайыржан Кисиков, Шалабай Қайырбеков, Борис Сүлейменов, Келген Қарапшаев тағы басқа азаматтар Төлегенге көп көмектесті. Соның нәтижесінде ойға алған жоспар «Тұрғын үй – 91» жүзеге аса бастады, – деген екен бір естелігінде Нұра ауданының Құрметті азаматы, Еңбек ардагері Қорабай Досжанов.

Ауылдағы орта мектепті бітірген түлектерден құрылған, Ғалым Әбдікешов басқаратын бригада «Тұрғын үй – 91» бағдарламасын жүзеге асыруға лайықты үлес қосыпты. Төлеген Оразбеков бастаған құрылыс бригадасы аудандағы құрылысы аяқталмай тұрған ауруханаға, сүт өндейтін зауытқа, «Трудовик» атындағы совхозда аяқталмай тұрған үйлердің құрылысына және өзге де ауылдардың құрылыс нысандарын уақытылы аяқтауға сүбелі үлес қосыпты.

Осы атқарған жұмыстары үшін прораб Төлеген Оразбеков облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының «Құрмет» грамотасымен марапатталған.

1997 жылы осы совхозда «Батыр» кооперативін ұйымдастырып, жеке кәсіпкерлікке көшті. «Асылжан» шаруа қожалығы, «Қазыбек-Маман» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін ұйымдастырып, жұмыссыз жүрген азаматтарды жұмыспен қамтамасыз етті.

Дәнді дақылдың отанында егіншілікке де еңбегі әбден сіңген. «Асылжан» шаруа қожалығы, «Қазбек маман» шопырларды дайындайтын мектебін де ашқан. Комбайншы, тракторшы, «КамАЗ» шопырларын даярлайтын мұндай мектептер қазір, әсіресе, ауылдық жерлерде таптырмайды.

Зейнетке шыққан соң қалаға көшіп келген. Мінезі өте салмақты, бір сөзді кісі. Әскерилер сияқты. Сөзі аз, атқарған ісі мол.

Салауатты өмір салтын ұстанады. Үстел теннисін шебер ойнайды. Арасында волейбол мен баскетболды да ойнайды. Орыс және қазақ тілдеріне жетік. Құжатқа мығым. Отбасының тірегі, ақылшысы. Наурызды қарашаңырағына перзенттерін жиып, атап өтеді.

Қайырымдылық та жасап тұрады. Еліне үнемі жаны ашып жүреді. Өйткені, жасынан сондай тәрбие көрген. Бір кездері қазіргі қалалық әл-Машани мешітінің құрылысына да қаржылай және қажетті жабдықпен қол ұшын берген.

Өзі үш ағайынды. Бірі өмірден өткен. Бір інісі бар. Бауырлары да қазір отбасылы, өніп-өскен. Олар да ауыл шаруашылығы саласының беделді жұмысшылары.

Ал, әкесі Әбілхан Аханов – соғыс ардагері. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін көптеген медальмен марапатталған.

Бұл күнде өнегелі азаматтың ұл-қыздары атасының жолымен жүріп, ішкі істер саласында еңбек етеді. Ұлы Қанат Төлегенұлы – облыс әкімінің әскери сала бойынша кеңесшісі болса, бір ұлы Нұр Төлегенұлы Осакаров аудандық сотының төрағасы. Ал, қызы Айжан Төлегенқызы облыстық прокуратурада табанды еңбек етуде.

Еліне жанашыр болған, жасынан қоғамдық жұмысқа араласып, осы жолда көп биік белеске жеткен, адамгершілігімен, азаматтық іс-әрекетімен айналасына қадірлі, кісілік пен кішілік нұры тұла бойынан төгіліп тұрған асқар тау әке, ардақты ата Төлеген Әбілханұлын балалары, немерелері, шөберелері және туған-туысқандары жақсы көретінін және құрметтеп, мақтан тұтатынын айтады.

Дос-жаран мен туған-туыс, ел-жұрт алдында абыройы асқақ, еңсесі тік. Қандай жауапты қызметте болса да құрылысшы мамандығына адал бола білді. Атқарған әр жақсы ісі – жас буынға үлгі-өнеге. Өз ісінің қыр-сырын жіті танып, ыстық-суығына көніп, қиындығын еңсеріп, тығырықтан шығар жол тауып шыға білген адам нағыз шебер деңгейіне жетеді десек, Төлеген Әбілханұлын құрылыстың қара нары деуге толық негіз бар.

● СЫР-СҰХБАТ

Ұстаз тағылымы

Қарағанды облысындағы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығында ұлағатты ұстаз, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, алаштанушы, аяулы ана, ардақты әже Нұрсахан Бейсенбековамен «Өнегелі әженің – өрісі кең» тақырыбында сыр-сұхбат өтті. Іс-шара Алғыс айту күні мен 8 наурыз халықаралық әйелдер күні қарсаңында, «Ғибрат» әжелер мектебінің жұмыс жоспары аясында ұйымдастырылды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кешке Қарағанды қаласындағы мектеп-гимназиялардың жас мамандары және Нұрсахан Ахметқызының шәкірттері шақырылды. Сыр-сұхбатқа келген қонақты жастар «Алғыс» әнінің ырғағында ықыласпен қарсы алды. Кеш тізгінін ұстаған Айдана Жаңбырбайқызы да кейіпкердің төл шәкірті.

Сұхбат басында Нұрсахан Ахметқызының өмірі мен өнегелі ұстаздық жолынан сыр шертетін бейнежазба ұсынылды. Қарағанды облысындағы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры, Нұрсахан Ахметқызының шәкірті Бақыткүл Әбдікерова сөз сөйлеп, шараны бастап берді. Шәкірттері – ұстазына, жас педагогтер ғалым апайларына алғыс жаудырды. Ақтарыла сырласты.

Жетісуда туып, Арқа жерінде тұрақтаған Нұрсахан Ахметқызының өмірі мен ұстаздық қызмет жолын тарихтың кезеңдеу әдісі тұрғысынан сипаттасақ, ғибратқа толы. Балалық шағы мен есею жылдары бұрынғы Талдықорған облысына қарасты Қапал ауданының Ақтұрма ауылында, Біржан сал мен ақын Сара айтысатын Ешкіөлмес тауының баурайында, 1950-1969 жылдар аралығында өткен.

Қарағандыда 1972 жылы ашылған Қарағанды мемлекеттік университетін жаңа мамандармен нығайту мақсатында берілген жолдама жолдасы Сағындық Убайұлы екеуіне бұйырыпты.

– Әкем ерте өмірден өтті. Анам мені ешкімнен кем қылмай жеткізді. Мектепке 8 жастан аса бардым. Өйткені, шешеме көмектескім келеді. Бала арманым анама бір әдемі көйлек әперу еді. Соғыстан кейінгі жылдарда туған ұрпақпыз. Анам бір көйлегін үстінен тастамайтын. Ол арманыма қол жеткізген соң, білім-ғылымға зейінім ашылды. Әлі күнге ғылымға, тарих ғылымына ғашықпын. ҚазМУ-ға түсу ол кезде қиын болатын, талмай ізденіп, мұқият дайындалып түстім. Жолдамамен Қарағандыға келгенім әлі есімде. Қарағанды мемлекеттік университетіне кіріп, бір үлкен кісіден жол сұрадым. Ол кісі ауыр чемоданымды көтеріп, екінші қабатқа дейін ере шығып, жол нұсқады. Жүзі жылы, кең маңдай, салмақты кісі екен. Кейін сұрасам, ол – аңызға айналған ғалым, университет ректоры Ебіней Арыстанұлы Бөкетов екен. Одан кейін де қамқорлығын аяған жоқ. Алғашқы кездесу жүрегімнің түбінде сақталып қалды. Ол кісімен жолықтырған, тәлімін алуға мүмкіндік берген тағдырыма ризамын. Шәкірттерімді өз баламдай көремін. Мейіріммен қараймын. Онсыз білім қонбайды. Аға буыннан көрген жақсылығымды кейінгі буынға көрсетуге барынша тырысып келемін. Шәкірттеріме ризамын. Бүгін бір жасап қалдым. Шараны ұйымдастырушыларға мың алғыс, – деді Нұрсахан Ахметқызы.

Кеш барысында талантты әнші Ерден Байғотанов Қасым Аманжоловтың «Жас дәурен» әнін, елге кең тараған «Бала махаббат» әнін әуелете шырқады.

Нұрсахан Ахметқызы Алаш тақырыбы десе, ішер асын жерге қояды. Ал, «Халықаралық қатынастар» мамандығының студенттеріне «МО-шники, вы должны знать государственный интерес», – деп сыртқы саясаттың қыры мен сырын үйретуде, ұлттық мүддені басты нысана ретінде ұстанатын ұстаз. Еліміздің түпкір-түпкірінде Нұрсахан ұстаздан білім алған, үлгі-өнегесін көрген шәкірттер еңбек етуде.

Сол шәкірттерінің бір тобы апайына тосын сый жасап, гүл шоғымен залға кіріп келгенде «Ұстаз еңбегінің жемісі» осындай болар деп ой түйдік.

Ал, «Сиқырлы қоржын» кезеңінде жас мамандар қоржыннан нөмірлі асықты таңдап алып, сонда жасырылған сұрақты қойды. Тәжірибелі маманның жауаптарынан жас педагогтер біраз нәрсе түйгені анық.

Немересі Абылай күй шертіп құттықтаса, №1 өнер мектебінің оқушысы Кәусар Рысқали «Асыл әжем» әнін орындады.

Ал, қонаққәде бөлімінде Нұрсахан апайдың шәкірті Абай атындағы мектеп-гимназиясының директоры, қазақтың қайсар қызы Жадыра Сабырқызы сөз сөйлеп, ұстазына алғыс айтты.

Шара соңында Нұрсахан Ахметқызы жастарға «өмірлерің тәтті, ғылым жолындағы сапарларың сәтті болсын» деген ниетпен, өз қолымен ізгі тілек жазып, тәттілер ұсынды.

Сыр-сұхбат соңында талантты әнші Ақзер Мұхаметқали «Алғыс» әнін шырқады.

Әже тәрбиесінің негізінде – ұлт тәрбиесі жатыр. Ендеше, әжелер мектебін қалыптастырсақ, орашолақ ұл мен қыз жіптіктей болып, рухты, жігерлі болып өсері анық. Тілдегі мүкістіктен, ойдағы бұлыңғырлықтан арылып, өзгенің көлеңкесі болып қалудан құтылар еді. Азаттықты түйсініп, қазақ елінің ұрпағымын, кімнен кеммін, терезем тең деген отаншыл сезімі нығайып, серпілер еді. Тартымды кештегі ғибратты әженің әңгімелері осындай ойға жетеледі...

● МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Меценаттарға құрмет көрсетті

Алғыс айту күні Шахтинск қаласында да аталып өтіп, онда қала әкімі Мұрат Қыдырғанбеков қайырымдылық шаралар мен әлеуметтік жобаларға белсене қатысып, жұрттың алғысын алып жүрген бір топ меценатқа гүл шоқтары мен Алғыс хаттар табыс етті.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Олардың арасында кәсіпкерлер Наталья Чиркова, Гасан Мамедов, Наргиза Смаилова, Мәди Дүзбенбеков, Александр Воленберг, Адриан Савенков бар. Мәселен, жеке кәсіпкер Наталья Чиркова қалада өтетін Отбасы және Қарттар күнінде қайырымдылық көмек жасап, азық-түлік себеттерін таратса, Мәди Дүзбенбеков волонтерлік іспен айналысып, «Апрель-Құлагер» ЖШС басшысы Александр Воленберг аз қамтылған отбасыларға үнемі көмектеседі.

ШАХТИНСК

● 1 НАУРЫЗ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС КҮНІ

Қорғаныс сарбаздары сап түзеді

1 наурыз – Дүниежүзілік азаматтық қорғаныс күні. Осы орайда, 52859 әскери бөлімінің алаңында құтқарушылар сап түзеді. Төтенше қауіп туғанда олардың қалай әрекет ететініне сол арада жиналғандар куә болды. Аталған шараға кезектегі контр-адмирал К.Әбікеев, Чернобыль мүгедектері қоғамдық бірлестігі кеңесінің төрағасы О.Ким, 52859 әскери бөлім сарбаздарының аналар кеңесі төрағасы М.Фатеева қатысты.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әскери бөлім командирі, подполковник Жанат Омаров жеке құрамды мерекемен құттықтап, тілегін білдірді.

– Сап түзеген бүгінгі сарбаздар – ертеңгі ел болашағына жауапты жандар. Бауырлас Түркия еліндегі табиғи апат барша ел назарында. Жанын шүберекке түйіп, қатерге қарсы жүрген де осы құтқарушылар отрядтары. Әрине, енді ондай зілзаладан сақтасын. Дегенмен, алдын ала қамдану, кез келген апатқа сақадай сай болу, қарапайым ел амандығын қамтамасыз ету – біздің міндет, – деді Жанат Болатұлы.



Бұдан кейін құтқару және радиациялық, химиялық, биологиялық қорғаныс бөлімшесі құтқару жұмысының қалай іске асатынын назарға ұсынды. Онда радиациялық аймақты арнайы иттермен барлау операциясы, көпқабатты құрылыс бөліктерін тазарту, көлік астында қалған адамды құтқару сияқты әрекеттер жиынтығы көрсетілді. Көпқабатты үйдегі төтенше жағдайдан адамды аман алып шығуда 52859 әскери бөлімінің құтқарушылары алдына жан салмайтынын көрсетті. Олар арқанмен жоғарыдан түсіп, мінуді кәнігі мамандай игерген.

– Дәл осы оқу-жаттығу алаңындағы оқиғаларды біздің құтқарушылар талай рет бастан өткерді. Олар салқынқандылықтан бір мезет те айныған емес. Ал, бүгінгі бағдарлама аясында ең алғашқы барлауды иісшіл иттермен бастағанымыздың өзіндік себебі бар. Өйткені, иттің сезу қабілеті адамнан анағұрлым артық. Түркия еліндегі апатта да арнайы дайындығы бар иттер кәдімгі батырға баланды. Тіпті, оларға ескерткіш тақта да орнатылып жатыр, – дейді 52859 әскери бөлімінің лейтенанты, бөлім командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары Мақсат Балжанов.

Расында, 7-19 ақпан аралығында Түркияның үш бірдей провинциясы аумағында, атап айтсақ, Нурдағы, Газиантеп, Хатай қалаларында қазақстандық құтқарушылар азаматтарды іздестіру-құтқаруға атсалысқан еді. Сонымен қатар, қазақстандықтар Қахраманмараш провинциясына үздіксіз гуманитарлық көмек жеткізіп отырды.

● ІЗГІЛІК

Конфет таратқан күн

Барлық жердегідей Алғыс айту күні Теміртау қаласында да аталып өтті. Бұл күні қаланың Жастар ресурстық орталығының ұжымы «Алақандағы конфет» шағын акциясын ұйымдастырып, қала көшелерінде тұрғындарға қазақстандық кондитерлік өнімдерді таратты.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған акция мерекелік көңіл күйді, адамдар арасында мейірім мен ізгілікті қалыптастыруды көздейді. Бұған қала тұрғындары, әсіресе, балалар қауымы дән риза.

Алғыс айту күні кейінгі кездері жаңаша сипат алып келеді. Теміртаулық жастардың бұл шуақты сәті әлеуметтік желіде де үлкен ықыласқа ие болуда.

Құттықтаймыз!

Шет ауданының Құрметті азаматы, Ақсу ауылының қадірлі ақсақалы, шаңырақтың киесі, отбасының тірегі, немерелерінің абыздай ардақты атасы, үш жүзге мәлім болған сөз зергері Жақсы Жанқұттың бабаның ұрпағы – асқар таудай әкеміз, **Иманқұл Башарқұлұлы ҚҰСАЙЫНОВТЫ** торқалы 90 жасқа толуымен, сондай-ақ, аяулы анамыз **Бақыт ҚҰЙДАЙБЕРГЕНОВА** екеуінің шаңырақ көтергендеріне 70 жыл толған жақұт тойларымен шын жүректен құттықтаймыз!

Ғұмырын бала тәрбиесіне арнаған әке-шешеміз бүгінде Алланың берген сыйы балаларынан немере, шөбере сүйіп, мәуелі бәйтерекке айналып отырған жайы бар. Қос мерекеде қос аққудай жұбын жазбаған әкеміз бен анамызға Алла қуат беріп, ұрпағыңызбен қуанып, аман-есен ортамызда жүре беріңіздер!

Асқар таусың арқамыздан демеген,
Ана – шуақ, әке, неткен кемел ең!
Дүниеге мынау шіркін, аяқ басқан,
Сіздей-ақ, болар шіркін, Әке деген.
Өйткені, Сіз – тұлпардың тұяғысыз,
Ақсұңқардың шаң жұқпас қиягысыз,
Орта жүздің бұлбұлы ақсұңқары,
Үш жүзге мәлім болған сөз зергері,
Жанқұтты бабамыздың ұрпағысыз.
Аянбай терін төгіп, халқына еңбек еттің,
Алғысына бөлендің дүйім көптің,
Үлгілі өмір сүріп, дүрілдетіп,
Балаларды мәпелеп, ержеткіздің.
Әркайсысын қондырдың тұғырына,
Осы емес пе, Әкешім, өмірдің берекесі!?
Ата-ананың парызы – мерекесі.
Тік тұрып, кеуде керіп, мақтанамын,
Біреу мені Имекеңнің баласы десе!
Ұрпаққа үлгі мынау жыл белесің,
Өзіңдей, Әке, біз үшін жан жоқ сізге теңесетін.
Бәйтеректей тамыр жайып, ғасыр жаса, әз Әкешім!

Қадірлі асқар таудай әкеміз бен аяулы анамызға перзенттік парызбен ақ ниет, ақ тілекпен, ыстық ықыласпен тілек иелері: **балалары, келіндері мен күйеубалалары, немере-шөберелері.**

®

«ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың Департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.30-ға дейін жұмыс тәртібімен 8-(7212)-41-36-90 сенім телефоны қызмет етеді».

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінің аудандық, қалалық басқарма қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін сенім телефондары:

– Саран қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72137)-5-11-44
– Шахтинск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72156)-3-91-84;
– Теміртау қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(7213)- 98-10-18;
– Қарқаралы аудандық қазынашылық басқармасының: : 8-(72146)-3-17-38;
– Бұқар жырау аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72154)-2-12-87;
– Нұра аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72144)-5-29-88;
– Осакаров аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72149)- 4-18-90;
– Абай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72131)-4-47-37;
– Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71037)-2-10-11;
– Балқаш қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71036)-4-07-49;
– Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71039)-5-20-45;
– Шет аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71031)-2-18-06;

®

Қарағанды қаласының Октябрь аудандық сотына Қарағанды қаласы, «Восток-2» шағынауданы, 12-үй, 56-пәтер мекенжайында тұратын азамат А.Б.Умиралиевадан 1952 жылы 5 ақпанда туған Болат Куттыбаевич Умиралиевті, Атырау облысының тумасы 520205350366 ЖСН қайтыс болды деп жариялау туралы өтініш түсті. Болат Куттыбаевич Умиралиевтің тұрған жері туралы мәліметтері бар адамдарды Қарағанды қаласы, Магнитогорская көшесі, 48, тел. 8(7212) 311100, 87781823964 мекенжайы бойынша жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде Қарағанды қаласының Октябрь аудандық сотына хабарлауды сұраймыз.

®

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны:

43-21-55

Ерік Шәкентайұлы МАҚАНОВ

Жан досымыз туралы сыр

Бір жыл бұрын, 2022 жылдың 5 наурызында, жан досымыз Ерік Шәкентайұлы Мақанов дүниеден өтті. Әлі де сенгісіз, суық хабар. Ерік Шәкентайұлы қызметінде жоғары лауазымды, тереңбілімді де білікті, жауапкершілігі биік маман ретінде танылды. Спортқа да жақын болды, спорт шеберіне кандидат (бокс, каратэ-до). Ата-анасына мейірімді ұл, қамқор бауыр, сүйікті жар, аяулы әке, керемет ата, абзал дос болды. Біз бүгін сіздермен Ерік Шәкентайұлының достыққа, досқа деген ерекше адалдығы туралы еске алғымыз келді.

Ерік Шәкентайұлы Қарағанды қаласында туған, Шәкентай ағамыз бен Светлана апамыздың тұңғышы. Орта мектепті аяқтаған соң, Қарағанды политехникалық институтында оқыды. Институтты аяқтаған соң Кеңес армиясында азаматтық борышын өтеді. Ерік Шәкентайұлы 1991 жылдан бастап Қарағанды қаласының ішкі істер органдарында үлкен абыроймен қызмет атқарып, еңбек жолын Қарағанды облысының полиция Департаментінің орынбасары қызметінде аяқтады.

Біздің достығымыз сексенінші жылдары, студенттік шақтан бастау алған еді. Достығымыз бозбала студенттер Ерік пен Жұмажан, Бейбіт сынды жігіттердің студенттік шақтағы риясыз көңіл тазалығынан басталып, сол нәзік көңіл жақындығын сақтау арқылы өрісіміз өсіп, арамызға достар қосылып, сол достығымыз күннен-күнге артып, жылдан-жылға бекіді. Үлкен достығымыздың бас діңгегі, негізі абзал досымыз Ерік Шәкентайұлы болды.

Біздің осы қырық жылдан артық жалғасып келе жатқан достығымыз да әрқайсымызға шабыт беріп, өміріміздегі жақсылықтарымыз бен қуаныштарымызды бөлісуге, кездескен түрлі сәтсіздіктерге мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиыншылықты бірге көтеруге жәрдемдесті. Достық дегеніміз – көңіл аманаты. «Дос көңілі – шарайна, сындырып алма, абайла!» демей ме?! Ал досыңның көңілін қалдырмау үшін асқан сезімталдық керек. Ерекеңнің сол ерекше сезімталдығы, өз сезімінен бұрын досының көңіл күйін бұрын ойлау: «Досыма қалай әсер етеді? Ренжіп қалмай ма?» деген ойы бірінші тұратын. Ерік студенттік кездерде Света апамызға жиі-жиі дастарқан жайғызып, үйіне шақырып, басымызды біріктіріп, ата-анамыздың алыста екенін сездірмеуге тырысып, қамқоршымыз болды. Кеңес армиясы қатарында екі жылдық әскери міндетін атқарып жүргенде де, алыста болса да жағдайымызды сұрап, сол жұбымызды жазылмауына да үлкен себепші болған Ерік досымыз еді.

Жоғары лауазымды қызметтерде болғанда, уақытты тапшылығына қарамай, досқа адалдығы, кең пейілі мен жанашырлығынан айнымаған Еріктің жансарайы өзінің «менінен» жоғары тұрған қасиеттерге, құндылықтарға толы еді. Еріктің ата-анасының алдында бас иіп, өзінің перзенттік борышын Света анамыздың, Шәкентай ағамыздың соңғы күндеріне дейін тік тұрып атқарды. Қарындасы Айгүл мен інісі Серіктің қамқоры мен ақылшысы еді. Еріктің еліне, қызметіне деген жауапкершілігі, адалдығы, уәдеде тұру, ардан аттамау, барлық адамға деген жылы да кең пейілі, қуанышта да, қиындықта да көмек беру, бауырмалдығы, жылы сөзбен адамды демей білуі, кешірімділігі – осындай құндылықтары мен өмірінің ұстанымдары онымен туа біткен табиғи қасиеттері еді.

Бәріміз де жан дүниеміздегі сырымызды айтып, мұң-шерімізді тарқатып, қуанышымызды бен қайғымызды бөлісетінбіз Ерекеңмен. Қандай да жағдай болмасын, уақытым жоқ демей, досының сөзін тыңдап, ақыл-кеңес, көмек беретін, шешім табатын. Үлкеннің алдында да, кішінің алдында да өзін кішіпейіл күйде ұстай білуі – даралығының, рухани санасының жоғарылығының, адамшылық пен мұсылмандығының айғағы.

Еріктің жан жары Гүлнар – қызметін атқара жүріп, бала-шаға қамы, ерінің жағдайын жасау жолында, яғни сүйікті адамдарының жолында барын беретін ғажап жан. Ерік пен Гүлнардың махаббаты, ынтымағы мен бірлігі, кең дастарханы, отбасы бақыты – өзгелерге өнеге, үлгі болды. «Жақсы әйел – теңі жоқ жолдас, түбі жоқ сырлас» деген баба тағылымы Гүлнар туралы айтылғандай.

Жан досымыз, әрқашанда жүрегіміздесің, жатқан жерің жарық болып, Алла иман байлығын берсін.

Артыңда қалған ел-жұртың, аяулы жарың Гүлнар, ізіңді өшірмес ұрпақтарың Әлібек пен Диана, немерең Даниал аман болсын, бақ-береке тілейміз!

Жан достарынан

®

● АЛҒЫС

Басталдан бастау алған шәкірттер

Ұстаз – ұлы есім. Осы бір ғана сөз ұстаздың орнын айшықтап береді. Біздің қазақ халқы «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» дегенді алға тартып, оларға әрқашан құрметпен қараған. Иә, қай-қайсымыз болмасын тарыдай болып кірген мектептен таудай болып шыққанымыз анық. Ал, мектепке алғашқы басып кірген қадамымызды еске алайықшы! Мектеп формасын киіп, алғашқы қоңыраудың үнін естіп, он жыл өміріңді арнайтын мектеп партасына жайғастық. Бізді талдырмаш бойлы, қара торы жүзінен мейірім төгіліп тұратын Жұмабике Маукенқызы қабылдап алды. Ойын қуған біздер енді жаңа өмірге қадам бастық, ол – бізге өмір сүруді үйрететін «білім ордасы» еді. Жұмабике апайымыз бізге тек ұстаз ғана емес, ақылшы, қамқоршы бола білді.

Жұмабике Маукенқызы Маукенова 1953 жылдың 5 наурызында Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қарағайлы ауылында дүниеге келген. Әкесі – Маукен Раймқұлов соғыс уақытында майзаводында жұмыс істеп, кейін совхоздар арасында әртүрлі қарапайым қызметін атқарған. Анасы – Бәтима Сембекова шопан болып, мал баққан шаруа адамы болған. Жұмабике Маукенқызы 1960 жылы алғаш мектеп табалдырығын аттап, 1970 жылы Егіндібұлақ ауданына қарасты «Арқалық» савхозының орта мектебін аяқтаған. Сол жылы Қарағанды қаласының педагогика училищесіне түсіп, бастауыш сыныптарға білім беру мамандығын алды.

1972-1973 жылдары Егіндібұлақ ауданы, «Қаратау» совхозының, №3 Бастал бөлімшесінің «Октябрьдің 40 жылдығы» атындағы бастауыш мектебінің мұғалімі қызметін атқарып, 1974-1976 жылдар аралығында Егіндібұлақ ауданының Айнабұлақ ауылындағы Жаңажол 8 жылдық мектебінде бастауыш сыныптарға сабақ берді.

1977 жылы Бастал бөлімшесінің озат механизаторы Мәжит Қасимов ағамызға тұрмысқа шықады. Осы жылдан бастап «Октябрьдің 40 жылдығы» атындағы бастауыш мектебінде Айша Төлекбаева, Света Сәрсенбаева, Мәлике Әмірбаева, Қадиша Саудабаева, Рысбике Әшімова атты әріптестерімен бірге ауыл балаларын оқыту жұмысына кірісіп кетеді. Содан үздіксіз 1996 жылға дейін алтын ұямыздан қаншама шәкірт тәрбиелеп шығарды.

«Ұстаздық еткен жалықпас – үйретуден балаға» демекші, Жұмабике Маукенқызы балаларды ерекше жақсы көріп, бар ынтасымен сабақ түсіндіретін. Әлі есімізде, ол кісі аяу райы қолайсыз болса денешынықтыру сабағының орнына математиканы тереңдетіп оқытушы еді. Соның бізге үлкен пайдасы тиді. Бастауышты аяқтап, әрі қарай оқымызда басқа мектептерде жалғастырғанда жаратылыстану пәндерін оның ішінде математика, физика сабақтарын еш қиналмай меңгеріп кеттік. Осы кісінің алдын көрген оқушылар жаман болмады, біргалайы орта мектепте алтын және күміс медаль иегерлері атанып, үздік аттестатпен бітірді. Басталға сонау жылдары келін болып түскен Жұмабике апайымыз Басталдың бағын ашты. Басталдан бастау алған шәкірттер еліміздің түпкір-түпкірінде қызмет етіп жатыр.

Мәжит ағамыз екеуі төрт ұл тәрбиелеп өсірді. Бүгінде жеті немере сүйіп отырған үлгілі отбасы, ардақты ата-әже. Кенже ұлдары Бақытжанның қолында тұрып, бақытты, бағы ғұмыр кешуде. Бір емес, екі келіні өзінің ізін басып, мұғалімдік қызмет атқаруда. Жұмабике Маукенқызы мерейлі 70 жасқа толып отыр. Алақандай алтын ұямыз – Бастал түлеп ұшқан барлық шәкірттері апайымызды мерейлі жасымен құттықтаймыз. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз!

Бастал ауылынан түлеп ұшқан барлық шәкірттер атынан

®

Хабарландыру

2023 жылғы 10 сәуірде сағат 15:00-де: Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, Түгіскен а.о., а. Түгіскен, мәдениет үйінің ғимаратында М -42-128-(10е-5б-9,10,14,15,20,25), М-42-129-(10г-5а-6,11,16,21),М-42-129-(10г-5в-1) блоктары шегінде Шығыс Сюртысу учаскесінде (11 блок) марганец кендерін барлау жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар материалдары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтеді, Жаңаарқа ауданында, Ұлытау облысында (рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Табиғат қорғау іс-шараларының жоспары).

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық https://ecoportal.kz/, порталда танысуға болады сондай-ақ ММ ЖАО «Ұлытау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» сайтында (https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr?lang=ru) «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ, Жезқазған қаласы, Алаш алаңы 1, ММ «Ұлытау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мекенжайы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады, тел.: 8 (777) 758-11-15. Электрондық мекенжайы: krasivaya_i@inbox.ru.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі:

– Онлайн конференцияға сілтеме: https://us05web.zoom.us/j/5907410135?pwd=YitEQ0t6T1AzdDBWWktEaDRodi9RZz09.
– Конференция идентификаторы: 590 741 0135
– Кіру коды: 76aMi1

Қатысушыларды тіркеу жеке куәлікті көрсету кезінде талқылау басталғанға дейін 1 сағат бұрын жүргізіледі.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: ЖШС «Dala Mining Group», Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Ерубаев көшесі, 20-құрылыс. Телефон :+77762255420.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: ЖК «Terra Green». Қостанай қаласы, әл-Фараби көшесі, 126. Тел. +7 7082582744, email: tokbozh@mail.ru

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: rdkzks@list.ru.

Объявление

10 апреля 2023 года в 15:00 часов по адресу: Улытауская область, Жанааркинский район, Тугускенский с.о., с. Тугускен, в здании Дома культуры состоится общественные слушания в форме открытого собрания по материалам документов для получения экологического разрешения на воздействие к Плану разведки марганцевых руд на участке Восточное Сюртысу (11 блоков) в пределах блоков М-42-128-(10е-5б-9,10,14,15,20,25), М-42-129-(10г-5а-6,11,16,21), М-42-129-(10г-5в-1) в Жанааркинском районе, Улытауской области (проект нормативов допустимых выбросов, программа производственного экологического контроля, программа управления отходами, план природоохранных мероприятий).

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz/, а также сайте МИО ГУ "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Улытау» (https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr?lang=ru) в разделе «Общественные слушания».

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также по адресу: г. Жезказган, Площадь Алаша, 1, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Улытау», тел.: 8 (777) 758-11-15. Электронный адрес: krasivaya_i@inbox.ru.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме:

– Ссылка на онлайн конференцию: https://us05web.zoom.us/j/5907410135?pwd=YitEQ0t6T1AzdDBWWktEaDRodi9RZz09.
– Идентификатор конференции: 590 741 0135
– Код доступа: 76aMi1

Регистрация участников ведется при предъявлении удостоверения личности за 1 час до начала обсуждения.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Dala Mining Group», Карагандинская область, г. Караганда, ул. Ерубаева, строение 20. Телефон +7 7762255420.

Разработчик проектной документации: ИП «Terra Green». г. Костанай, ул. аль-Фараби, 126. тел. +7 7082582744, email: tokbozh@mail.ru

Дополнительную информацию можно получить по электронному адресу: rdkzks@list.ru.

®

Қарағанды облысы: ауа райы

	5 наурыз	6 наурыз
Қарағанды қаласы	-1 -10	+2 -1
Абай ауданы	0 -10	+2 -1
Ақтоғай ауданы	-3 -14	0 -1
Бұқар жырау ауданы	-2 -10	+3 -2
Қарқаралы ауданы	-1 -10	+2 -1
Нұра ауданы	-3 -12	-2 -3
Осакаров ауданы	-3 -11	-1 -3
Шет ауданы	-1 -11	+1 -1

Ақпарат https://www.gismeteo.kz/ сайтынан алынды

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

● МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

«Қазақстан – ортақ үйіміз»

Теміртау қаласындағы этно-мәдени орталықтар осы тақырыпта этно-музыкалық фестиваль ұйымдастырды.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған іс-шараның мақсаты – жастарға айтулы мерекенің мағынасын тереңінен түсіндіру, ізеттілік пен кішіпейілділікке тәрбиелеу, қоғамдық келісім мен этносаралық үйлесімді сақтау.

Фестивальге Теміртау қаласының ардагерлер алқасы мен кеңес мүшелері, этно-мәдени орталықтарының басшылары мен өкілдері, қала мектептерінің оқушылары және Теміртау жастар орталығының мүшелері қатысты.

Іс-шара барысында Алғыс айту күнінің мән-мағынасы жайлы арнайы бейнекөріністер көрсетілді. Этно-мәдени орталықтар мүшелері этносаралық түсіністік пен келісім туралы әңгімелеп, өнерлерін паш етті.

Соңында Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығының басшысы С.Саргизова тағылымды шараға белсенді қатысушыларға Алғыс хаттар табыс етті.

ТЕМІРТАУ

Дөңгелек үстел басында

Бұқар жырау аудандық Мәдениет үйі ұжымының ұйымдастыруымен «Алғысым шексіз» тақырыбында өткен дөңгелек үстелге ауданда қайырымдылық шараларына атсалысып жүрген азаматтар мен жұртшылық өкілдері шақырылып, қатысты. Олар емен-жарқын әңгімелесіп, өзара пікір бөлісті.

Шара барысында аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Айдар Оспанов аудандық Мәдениет үйінің директоры Қазбек Талашевке облыстық «Вайнах» шешен-ингуш этно-мәдени бірлестігінің 25 жылдық мерейтой медалін және әр салада тынбай еңбек етіп жүрген адамдарға аудан әкімі Нұркен Қобжановтың Алғыс хатын табыстады. Соңынан басқосуда болғандар Мәдениет үйі өнерпаздарының концертін тамашалады.

Бұқар жырау ауданы

● ФОТОЭТЮД

Суретті түсірген **Еркебұлан ХАДЫЛБЕК**

● ЖАҢА КІТАП

Өнегелі өмір өрнегі

Қазір қаржың болса, кітап шығару оңай. Бірақ, ол кітапты оқырман қажет ете ме? Мәселен, ақын Тұрсын Жұмаш қысқа ғұмырында жалғыз жинақ шығарыпты. Бірақ, сол кітапты іздеп жүріп, кезекпен оқиды жұрт. Бұл – әркімге бұйырмайтын бақ. Қолымыздағы «Өмір өрнектері» кітабын да таптырмайтын құнды туынды дер едік. Кітап авторы филология ғылымдарының докторы, профессор Мәуен Хамзиннің арзан сөзге әуес еместігі кітаптан анық аңғарылады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кітап Қарағанды қаласындағы TENGRI баспаханасында қатталыпты. Редакторы – Әлімжан Жақан. Жинаққа әр кездері жазылып, оқырманға ұсынылған публицистикалық мақалалар енгізілген. Тілі шұрайлы, тың деректе бай кітаптан оқырман өзіне қажетті біраз ақпарат алады деп ойлаймыз.



Мәуен Хамзин ағамыздың осы бағытта жіті зерттеп жазылған дүниелері елдің көкейінде жүрген біршама сауалға жауап табары анық.

Мәселен, «Ақсұңқар қайта қонбас ұшып кеткен», «Намыс отына өртеніп өлген өрт ақын», «Ірілік пен асқақтық феномені», «Тамыршы», «Қарағайдың қарсы біткен бұтағындай», «Зұлмат жылдар сыр шертеді» сынды тұшымды мақалаларында көптеген құнды деректер бар. Тақырыбы айтып тұрғандай, архив деректеріне сүйеніп жазылған мақалалар тарихымызды тануға, қазақтың небір саңлақтарының өмірі мен өнегелі жолын, қалдырған мұрасын бағамдауға мүмкіндік береді.

«Уақыт пен Кеңістік» деп аталатын тарихи-философиялық ұғымдар аясында бір жайт айрықша ден қоюымызды талап етеді: ол өмір – мұрат, өлім – ақиқат екені туралы қағида. Осыдан келіп, адамның барша болмысына үңілу, оның не үшін өмір сүретіні, ғұмыр кешудегі негізгі мақсатының мәні мен маңызы, мазмұны жайлы толғану туындайды. XIX ғасырда қазақ топырағында дүниеге келген, барша әлемдік деңгейдегі өзекті проблемаларды саралай келе, жалпы адамзат үшін ренессанс жасаған хакім Абайдың «толық адамы» қандай адам?» деп бастайды заң саласының атақты білгірі Сәтбек Дулатбеков туралы «Қарағайдың қарсы біткен бұтағындай» тақырыбындағы мақаласын. Құрғақ сөзге ұрынбай, нақты өмірлік дәлелдермен жазылған мақала тұлғаның азаматтық болмысын жетік тануға жетелейді.

● БАЙҚАУ

Мөлдір жыр оқылған күн

Облыстық білім басқармасының «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы Қарағанды көлік-технологиялық колледжі базасында республикалық Мұқағали Мақатаев оқуларының облыстық кезеңін ұйымдастырды. Жалпы білім беру ұйымдарының 8-11-сынып оқушылары арасында өткен байқау ақын шығармаларын насихаттау, оқушылардың шығармашылық қабілетін, табиғи дарынын анықтау мақсатын көздеді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сөз додасына аудандық, қалалық кезеңдердің жеңімпаздары, мамандандырылған мектеп-лицей интернаттарының оқушылары қатысты. 50-ге жуық қатысушы үш аталым бойынша бақ сынасты.

Аталған өнер-білім байқауына Серік Сағынтай, Эльмира Сайлауқызы сынды ақындар мен Жансая Жарылғап, Азат Бабашұлы, Саржан Такиров сынды сөздің жілігін шағып, майын ішкен ғалымдар төрелік етіп, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарды анықтады.

«Айтып өткен ақында арман бар ма?» номинациясында I орынды №61 орта мектептің 8-сынып оқушысы Нұрғасыр Изат, II орынды Жамбыл атындағы мамандандырылған мектеп-лицей интернатының 8-сынып оқушысы Гауһар Бақытбек пен Қарқаралы ауданы, Қарағаш ауылындағы №28 негізгі орта мектебінің 8-сынып

оқушысы Бақдәулет Марат, III орынды Нұра ауданы А.Асылбеков атындағы орта мектептің 8-сынып оқушысы Назерке Ережепова, Шет ауданы Ақжал негізгі орта мектебінің 9-сынып оқушысы Әділет Жұмабек, Осакаров ауданы Әлихан Бөкейхан атындағы тірек мектебінің 8-сынып оқушысы Айдана Бердібай иеленді.

«Жыр эстафетасы» аталымында I орынға №61 жалпы білім беретін мектептің 10-сынып оқушысы Ақшархат Эшкулова, II орынға Шет ауданы, Ортау негізгі орта мектебінің 8-сынып оқушысы Айым Ғабдолла, Бұқар жырау ауданы Жүсіпбек Аймауытұлы атындағы орта мектептің 10-сынып оқушысы Фариза Аханқызы, III орынға Жамбыл атындағы мамандандырылған мектеп-лицей интернатының 10-сынып оқушысы Дана Өсерали, Саран қаласы №16 орта мектептің 9-сынып оқушысы Ақнұр Игенова, Теміртау қаласы №29 мектептің 9-сынып оқушысы Ақбота Уркенбекқызы лайық деп танылды.

«Көкірегімде жыр сәулесі маздайды» номинациясында I орынды Теміртау қаласы, №2 орта мектептің 10-сынып оқушысы Шынар Бақтыбаева, II орынды Шахтинск қаласы Ә.Бөкейхан атындағы мектеп-лицейінің 9-сынып оқушысы Әлихан Қайрат, Қарқаралы ауданы Ақтасты ауылындағы №32 орта мектептің 8-сынып оқушысы Санжар Қайыржан, III орынға «Зияткер» мамандандырылған мектеп-лицей интернатының 8-сынып оқушысы Жанар Смағұл, «Озат» ақпараттық-технологиялар мамандандырылған мектеп-лицей интернатының 10-сынып оқушысы Жанерке Тілеубек, Қарағанды қаласы, №85 орта мектептің 11-сынып оқушысы Карина Мадияр ие болды.

Жүлдегерлерге сыйлық һәм диплом берілді. I орын алған оқушылар облыс намысын қорғау үшін республикалық кезеңге жолдама алды.

Оқушыларды байқауға дайындаған жетекшілерінің және ұйымдастыруға атсалысқан Қарағанды көлік-технологиялық колледжі мен Тәттімбет атындағы өнер колледжі ұжымының еңбегінің зор екенін атап өткен жөн.

● ДЖИУ-ДЖИТСУ

Тергеушімізге тең келмеді

Қарағанды қалалық полиция басқармасының Оңтүстік-Шығыс полиция бөлімінде тергеуші болып жұмыс істейтін Аян Әмзе Тайландта джиу-джитсудан өткен Азия чемпионатында жеңімпаз атанды.

Жерлесіміз шешуші жекпе-жекті тайландтық қарсыласымен өткізіп, айқын басымдықпен жеңіске жетті. Сөйтіп, ол Қазақстан құрама командасы сапындағы қыздар арасында жүлдеге қол жеткізген жалғыз спортшы атанды.

Аян Әмзе күреспен осыдан алты жыл бұрын, мектеп қабырғасында жүрген кезінен айналыса бастаған екен. Ал, Қарағандыдағы ІІМ академиясында оқып жүрген кезінде джиу-джитсумен шұғылдана бастапты.

Енді Аян Әмзе әлем чемпионатында өнер көрсетіп, жоғары нәтиже көрсетуді жоспарлап жүр.

● АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

Жекпе-жек жексенбінің таңында

Жерлесіміз Шавқат Рахмонов (16-0) ертең Лас-Вегас қаласында UFC 285 аясында өтетін турнирде жекпе-жекке шығады. Оның қарсыласы – америкалық файтер Джефф Нил (15-4).

Жанкүйерлер бұл жекпе-жекті UFC-дің ресми сайтынан тамашалай алады. Айқас, шамамен алғанда, Астана уақыты бойынша сағат 09:40-та басталады.

Айта кету керек, Шавқат Рахмонов өзінің соңғы жекпе-жегін 2022 жылдың маусым айында өткізіп, америкалық Нил Мэгниді (27-10) екінші раундта жеңген-тұғын. Ал оның қарсыласы Джефф Нил болса, былтырғы тамызда бразилиялық Висенте Лукені (21-9-1) үшінші раундта нокаутқа түсірген болатын.

● ТЕННИС

Еліміздің ең бай теннисшісі

Шетелдік CAknowledge.com басылымы қазақстандық теннисші, WTA рейтингісінде 10-орында келе жатқан Елена Рыбакинаның әмиянына үңіліп, қазіргі уақытта оның қанша ақшасы бар екенін жариялады.

«Қазақстанның белгілі теннисшісі Елена Рыбакинаның 3 миллион доллар ақшасы бар. Wikipedia, Forbes, Bloomberg интернет-ресурстарының дерегі бойынша, теннисшінің байлығы 3 миллион долларды құрайды», деп жазады басылым.

Сайт келтірген мәліметке сенсек, Елена Рыбакина ай сайын 40 мың доллар табады екен. Бір жылғы табысы – 0,5 миллион доллар.

Еске салар болсақ, Елена Рыбакина Уимблдон – 2022 турнирінің жеңімпазы және Аустралия – 2023 турнирінің финалисі.

Дайындаған
Қ.ЖАНДЫР

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **О.В. МЯГКИХ**
Директордың орынбасары – **Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА**
Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Н.С. ДҮТБАЙ**
Интернет-редакция редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Қ.Б. ҒАЛЫМ**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген Ⓡ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№26 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Нұрқанат ҚАНАПИЯ**